AIQYN

СЕНБІ
№21 (4073)
12.02.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ҚАЗАҚ-ТАТАР ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ТЕРЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына жасаған жұмыс сапары Татарстанда жалғасты. Мемлекет басшысы алдымен Қазан Кремлін аралап көрді, одан соң Татарстан Республикасының Президенті Рустам Минниховпен кездесу өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы «Қазан Кремлі» мемлекеттік тарихи-архитектуралық және көркем музей-қорығында «Құл Шариф» мешіті мен Благовещенский соборын аралап көрді. Татарстан Президенті Рустам Минниханов ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұраларының тізіміне енген осы бірегей тарихи кешен туралы әңгімелеп берді

Ал екеуара ресми кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рустам Минниханов сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалар бойынша Қазақстан мен Татарстан арасындағы ынтымақтастықты кеңейту жолдарын талқылады.

Қазақстан Президенті мыңжылдық тарихымен, бай мәдени мұраларымен танылған Татарстанға сапармен келуге шақырғаны үшін Рустам Миннихановқа алғыс айтты.

– Мұнда Қазақстан Президенті ретінде келгеніме өте қуаныштымын. Сізбен елімізде бірнеше рет кездестім. Біз көптеген мәселе туралы, соның ішінде Қазақстан мен Татарстан арасындағы ынтымақтастықты дамыту және нығайту жөнінде сөйлестік. Екіжақты ынтымақтастыққа негізделген маңызды жобаларымыз бар. Егер Қазақстан мен Татарстан басшылары саяси ерік-жігер танытатын болса, бұл жобалардың жүзеге асырылатыны сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Татарстан арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытудың маңызды екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, елдеріміз арасындағы байланыстардың тарихы терең. Тарихымыз – ортақ. Бұл тақырыпта жазылған мақалалар мен кітаптарды қызыға оқимын. Оқыған сайын тарихи байланыстарымыздың соншалықты терең әрі сабақтасып жатқанына көз жеткіземін, тіпті таңғаламын. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты міндетті түрде дамыту керек деген пікіріңізді қолдаймын. Қазақстан бұған дайын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рустам Миннихановтың мықты әрі беделді басшылығымен Татарстанның қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалап, республика халқының игілігі жолындағы қызметіне табыс тіледі.

Татарстан Президенті Қазан қаласына іссапармен келгені үшін Мемлекетіміздің басшысына алғыс білдіріп, Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытудың стратегиялық маңызын атап өтті.

– Біз үшін бұл – үлкен абырой. Қазақстан мен Ресей арасындағы достық байланыстар аясында Сіздің еліңізбен ықпалдастықты нығайту мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Қазақстан – Татарстан Республикасы үшін стратегиялық серіктес. Қазақстанның аймақтарымен көптеген келісім жасалған. Сіздің еліңізде табысты жұмыс істеп жатқан компанияларымызды көптеп мысалға келтіруге болады, – деді Рустам Минниханов.

Кездесу соңында Рустам Минниханов Қазақстан мен Татарстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, екі ел арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевты «Дуслык» орденімен марапаттады. Ал кездесудің алдында Қазақстан Президенті «Құрметті қонақтар кітабына» қолтаңба қалдырған болатын.

ПРЕЗИДЕНТ «ТАНЕКО» КЕШЕНІМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Татарстан жеріндегі сапары Нижнекамск қаласында жалғасты. Мемлекет басшысы Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен бірге Нижнекамск қаласындағы «ТАНЕКО» мұнай өңдеу және мұнай-химия зауыттарының кешеніне барды.

«Татнефть» компаниясының негізгі мұнай өңдеу активі саналатын бұл кешен – Ресейде Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңадан салынған алғашқы өндіріс орны.

Қазақстан Президентіне зауыттағы өндіріс жұмыстарының барысы таныстырылып, кешеннің өнімдері туралы мәлімет берілді.

Кешенде 30 түрлі өнім шығаратын 28 өндірістік қондырғы жұмыс істейді. Соның ішінде «Евро-6» стандартына сәйкес келетін АИ-92, АИ-95, АИ-100 автомобиль бензині мен дизель отыны, авиациялық керосин, кеме отыны, базалық майлар және жағармай материалдары бар.

Компания басшылары Президентке Қазақстандағы Саран қаласындағы салынып жатқан шина зауыты мен Атырауда қолға алынатын каучук өндірісі бойынша жобалар туралы мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одақ аясында Қазақстан мен Ресей компаниялары арасындағы серіктестікті одан әрі нығайтудың маңызды екенін, аталған кәсіпорындардың еліміздегі бірлескен жобаларына қолдау көрсетілетінін айтты.

Мемлекет басшысы «Татнефть» компаниясында тәжірибе жинап жүрген қазақстандық жастармен кездесіп, елге білікті маман болып оралуларына тілектестік білдірді.

Асханасы жоқ, залы жоқ мектеп қайтіп «күн көрер»?

Бүгінде бүтінінен бүлінгені көп білім саласында «бауын тапса, байлауын таппаған» мәселе шаш етектен. Сансыз бағдарлама жанданып, салаға қыруар қаржы бөлінгенімен, әлі күнге түйткілдер жанға батып тұр. Мәселен, Жамбыл облысында 37 мектептің спортзалы жоқ болса, 70 мектепте асхана қарастырылмаған. Санаға салмақ салған бұл сандар кімді де болмасын алаңдатпай қоймайды. Енді олқылықтың орнын толтыруға не кедергі? Жауаптылар бұл мәселеге осы таңға дейін неге көз жұма қараған?

37 МЕКТЕПТЕ СПОРТЗАЛ, 70 МЕКТЕПТЕ АСХАНА ЖОҚ

Жалпы, облыста бүгінде 480 білім беру мекемесі жұмыс істеп тұрса, онда 244 299 оқушы білім алады. Міне, осы мектептердің 37-і спортзалсыз, 70-і асханасыз отыр. Яғни, 37 мектептің балалары денешынықтыру пәні дегенді білмей, 70 мектепте оқушылардың сабақ арасындағы үзілісте тамақтануына мүмкіндік жоқ.

Спортзалы жоқ мектептердің көшін Жамбыл ауданы бастап тұр. Мұнда Ы.Алтынсарин, Қапал, Қоңыртөбе, Қостөбе, Рахат, Шайдана сияқты 9 білім беру мекемесінде оқушылардың жаттығатын орны қаралмаған. Екінші орында Байзақ ауданы тұр. Онда Пушкин, Королевка, Маметова, Аққия, Ақтөбе, Багара, Үшбұлақ, Еңбек секілді 7 мектепте спортзал болмаса, Т.Рысқұлов пен Меркі аудандарын бірге қосқанда 10 мектепте денешынықтыру сабағын өткізу мүмкіндігі жоқ. Ал Шу ауданындағы 4 мектептің, Сарысу ауданындағы 3 мектептің оқушылары спортпен тек күн жылынғанда айналысады. Оның өзінде балалар шаң көтеріп, далада доп қуаламаса, жаттығуға қажетті арнайы құрылғылар қойылмаған. Балалардың спортпен шұғылдануына тиісті жағдай жасай алмай отырғандардың қатарында Талас, Мойынқұм аудандары мен Тараз қаласы да бар.

(Жалғасы 7-бетте)

Жер мәселесі: әкімдердің әлегінен құтылдық

Жер дауы біз үшін ескірмейтін түйткілге айналғалы қашан?! Маңызын әлі жойған жоқ. Үй саламын деп жер кезегіне тұрып, кезегі жылжымай не қолдағы малына жайылым таппай сенделген жұрт көбейді. Осыған кінәлілердің қатарында шенділер де кездеспеген еді. Рас,бәріне бірдей күйе жақпаймыз, бірақ жер беру құқығын пайдаланып, талай әкім мен шенділер жақын-жуығына, танысына жер таратып берді. «Көп асқанға бір тосқан» дегендей, енді әкімдіктер жер беру хақынан айырылды. Бірақ әкімдер істеген бұрынғы заңсыздықтың зардабын қалай жоямыз?

КОМИТЕТ БҰРЫНҒЫ СОҚПАҚҚА ТҮСПЕСЕ ИГІ

Таяуда Ауыл шаруашылығы министрлігі жер мәселесіне қатысты ережелерге өзгеріс енгізгенін жария етті. Бұдан былай әкімдіктер жер беріп, берілген жерді бақылай алмайтын болды. Яғни, бұрын үй салу үшін жер кезегіне тұрса да, басқа мақсатта жер берілсе де, бәрі тікелей әкімдік арқылы жүзеге асатын. Енді әкімдер бұл құзыретінен айырылды. 2014 жылдан бастап Жер қатынастары және Мемлекеттік бақылау басқармалары облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктердің құрамына кіргенін білеміз. Бірақ бұл қадам әкімдер мен айналасындағы шенділерді «тайраңдатуға», жемқорлыққа баруына жол ашты десек, қателеспейміз. Себебі көптеген шенеуніктер заңды айналып өтудің амалын тауып, жақын-жуығы мен туыстарына жер үлестірді. Кейін осы жайды айтып, біраз қоғам белсенділері мен азаматтар қарсылық танытқанын жиі естіп жүрдік.

Ақыры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр 19 наурызда өткен Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында жер реформасы жөніндегі комиссия құруды тапсырған болатын. Ол комиссияның талқылаған мәселелерімен ел жақсы таныс. Комиссияның бес отырысында 120-дан астам ұсыныс түсті. Жер заңнамасын жетілдіру бойынша бірқатар жүйелі жоспар әзірленді. Сонда дәл біз айтып отырған әкімдіктердің жерді үлестіру жайы талқыланды. Былтыр 30 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Ол заң жердің пайдаланылуы мен қорғалуындағы мемлекеттік бақылау функцияларын 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап орталық уәкілетті органның ведомствосына беруді көздеді. Ұғынықты етіп айтсақ, тек жер беру жөніндегі функциялар әкімдікте қалды, ал әкімдіктердің жер беруін, оны алған адамның жерді пайдалануын бақылау жөніндегі функциялар Жер ресурстарын басқару комитетіне берілді. Енді комитет әр өңірдегі өз департаменті арқылы осы істі атқарады. Тек комитет бұрынғы соқпаққа қайта түсіп жүрмесін делік.

(Жалғасы 4-бетте)

Айлық «айқаймен» өсе ме?

Еліміздегі еңбек қатынастары арнаулы заң аясында реттеледі. Сонда да болса жұмысшылардың ереуілі азаймай тұр. Әсіресе, Маңғыстау өңірінде «айлығымыз шайлығымызға жетпейді» деп бас көтеретіндердің қарасы қалың. Обалы не керек, көбіне олардың талабы орындалып, бұрқ еткен дау басылады. Дегенмен бұл жағдай республиканың екінші бір қиырындағы еңбек ұжымының наразылығына ұласып жатады. Осы тұста біздегі еңбек қатынастары саласындағы жанжалдың алдын алу механизмінің қауқары жайында сұрақ туындайды.

Нақты айтқанда, көп жағдайда жұмыс беруші жұмысшы көшеге шығып, наразылық білдіргенге дейін оның әлеуметтік жағдайын қаперге алмайтын сияқты. Әрі көбіне мекемелер инфляция жағдайын ескеріп, шарықтаған бағаны есепке алып, айлықты өсіруге құлықсыз. Жұмысшының одан өзге де әлеуметтік мәселелері де шешіле бермейді. Міне, жағдайдың осылайша шиеленісуі жұмысшыларды көшеге алып шығады. Президент те Үкіметтің кеңейтілген отырысында еңбекақының баяу өсуінен елде қарызға батқандар мен кедей адамдар көбейгенін айтқан. Әрине, мұндай жағдайда жалақыны көтеруді талап етіп, ереуілдететіндердің қарасы қалыңдай түсетіні анық.

МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МҰҢЫ

Мәселен, ақпан айының алғашқы күндерінде Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының жұмысшылары бас көтерді. Түбектегі жұртты ауызсумен, электр қуатымен қамтамасыз ететін компания қызметкерлері соңғы 14 жылдан бері өзгермеген айлық жалақыны көтеруді талап еткен. Мұнан бөлек, жұмысшылар өндірістің зиянды лығына байланысты сүт өнімдерімен қамтамасыз ету, мемлекеттік мекемелерде сыйақы төлеу, еңбек жағдайын жақсарту мәселелерінің шешімі табылғанын қалайды.

(Жалғасы 4-бетте)

e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ЕЛІМІЗДЕ «КАМАЗ» КӨЛІГІНІҢ БӨЛШЕКТЕРІ ШЫҒАРЫЛМАҚ

Мемлекет басшысы Татарстанның республикалық маңызы бар қаласы Набережные Челны шаһарына барып, Ресейдің ірі автомобиль корпорациясы – «КАМАЗ» компаниялар тобының өндірісімен танысты.

«КАМАЗ» әлемдегі ауыр жүк көліктерін шығаратын жетекші компаниялардың жиырмалығына кіреді. Оның өндірістік қуаты жылына 71 мың машина шығаруға мүмкіндік береді.

Алыс-жақын шетелдерге көлік экспорттайтын бұл компания басшылығының айтуынша, Қазақстанның автомобиль нарығы өте маңызды бағыт. Өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі жаңа жүк көліктері нарығындағы «Камаздың» үлесі 42 пайыз болған. Аталған компания Қазақстанда бірнеше жобаны қолға алған. Соның бірі – Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы шойын құю өндірісін іске асыратын KamLitKZ зауытының құрылысы. Өндірісті 2024 жылдың екінші жартыжылдығында іске қосу жоспарланып отыр. Дәл осы индустриялық аймақта көліктің құрал-саймандарын шығаратын зауыт салынып жатыр.

Компания басшылығының айтуынша, Қазақстанда алдағы уақытта «КАМАЗ» көлігіне қажетті қосалқы бөлшектер шығарылмақ.

Мемлекет басшысы «КАМАЗ» компаниясының зауыттарында тәжірибе алмасып жүрген қазақстандық мамандармен әңгімелесті. Осындай мүмкіндік туғызғаны үшін жұмысшы жастар Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Тәжірибе жинау мақсатымен екі айға келген жұмысшылар Қостанайда ашылатын зауытта жұмыс істейтін болады.

– Бұл – экономикамызға тың серпін беретін маңызды жоба. Сіздердің қажетті білім алып, тәжірибе жинағандарыңыз өте құптарлық жайт, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың негізгі драйвері саналатын мұнай өңдеу, машина жасау салаларына арналған және Татарстаннан шығатын өзге де өнімдер қойылған көрмені аралап көрді.

Мәжіліс бюросы отырыстың күн тәртібін нақтылады

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылды.

Заң жобасында мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар, олардың жұбайлары шығыстарының аталған адамдардың кірістеріне сәйкестігін бақылау енгізіледі әрі фискалдық және мансаптық санкциялар белгіленеді. Бұл ретте әрбір жағдайда адамға шығыстарының заңдылығын негіздеу мүмкіндігі берілетін болады. Аталған жаңалықтарды халықты жалпыға бірдей декларациялаумен толық ауқымды қамтуды ескере отырып, 2027 жылдан бастап қолданысқа енгізу жоспарланып отыр. Түзетулердің екінші блогы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Палата қарауына волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша түзетулер туралы заң жобасы бірінші оқылымда енгізілмек.

Бюро отырысында қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы заң жобасын жұмысқа алу мәселелері қаралды.

Сонымен қатар Мәжіліс бюросы «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобын тіркеді.

«Жаңа Қазақстан». Әлеумет

Әлеуметтік салада қандай реформа қажет?

Қаңтардағы қаралы оқиға әлеуметтік саладағы қат-қабат мәселелердің бетін ашты. Жұмыссыздық, қымбатшылық, әлеуметтік теңсіздік және басқа да түйіні тарқатылмаған түйткілдер. Қоғам «Жаңа Қазақстаннан» жаңа леп, ірі реформалар күтеді. Халықтың әлеуметтік жағдайы – мемлекеттің бет-бейнесі. Сондықтан бұл сала қандай реформаларға мұқтаж деп, әлеуметтанушыларға хабарласқан едік.

ПІКІР

Рамазан САЛЫҚЖАНОВ, әлеуметтанушы:

– Қоғам болғаннан кейін бір саланы ғана өзгертіп, қалғаны өздігінен басқарылады, өзгеріс болған салаға ілесіп кетеді деген түсінік дұрыс емес. Қоғам – үлкен жүйе. Егер әрқайсына бөлек-бөлек басқару реформалары қатар жүргізілсе, оның құрамдас бөліктері бір-бірімен үйлесіп, ілесе кетеді. Сондықтан әлеуметтік саладағы өзгерістер, алдымен экономикалық және саяси салалардағы өзгерістерге байланысты. Кей кезде тәуелді.

Халықты баспанамен қамту, қымбатшылық, жұмыссыздық, әлеуметтік, рухани, мәдени өмірін дамыту экономикалық қарым-қатынастарға байланысты. Бүгінде азаматтардың көңіл күйі, болашаққа бағыт-бағдар алып, жету жолы, тәлім-тәрбиесі саяси өміріміздің өзгерістеріне байланысты. Қоғам салалары бір-біріне тәуелді. Осындай жағдайда өзгерістер барлық салада біркелкі, бір уақытта басталуы керек.

Зерттеулерге сүйенсек, әлеуметтік тұрғыдан жиі көтерілетін мәселелерге жұмыссыздық, мемлекеттің материалдық көмегіне мұқтаж әлеуметтік топтардың жағдайының мүшкілдігі, баспана мен халықтың әлеуметтік-рухани дамуындағы кедергілер жатады. Бүгінде халық күнкөрістің қамымен ғана жүр. Қаржысын рухани баюға бағыттап, кемелденудің жаңа кезеңіне шығу деген жоқ.

Бірінші кезекте, халықты мемлекеттік қолдау, қорғау, ал аса маңыздысы – жұмыспен қамту. Отандастарымыз еңбек етіп, адал ақшамен тұрмысын түзеуі керек. Ал көпбалалы аналарды қолдау – күрделі мәселе. Көпбалалы болуды қолдап, демографиялық өсуді мемлекеттің негізгі мүддесі ретінде қарап, қаржылай көмектесетін мемлекеттер бар. Біз шетелдердің тәжірибесіне сүйеніп, «бізде неге олай емес?» деп шығамыз. Шын мәнінде, демографиялық ресурс – ең бастысы ресурс. Ақша, жер – екінші кезекте. Мемлекеттік тұрғыда демографиялық ресурсты арттырып, дамудың жаңа деңгейіне көтерілеміз десек, «бірінші кезекте бала саны, соған қарай қаржы төленеді» деп ашық айтылу керек. Көпбалалы аналарды ынталандыру шаралары қамтылуы керек. Ондай болмаса, «мемлекет ешкімді қолдамайды, өзің үшін балалы боласың» деліну керек. Бірақ бізге екіншісі жарамайды. Кең-байтақ жердегі демографиялық тұрғыдан ең әлсіз елдердің қатарында болғанымыз бізге сын. Сондықтан көпбалалы аналарды мемлекеттік қолдау, бала санына байланысты үй мәселесі шешілуі тиіс.

Ілияс ТІЛЕУБЕРГЕНОВ, DataSight зерттеу орталығының директоры, әлеуметтанушы:

– Біздің елге керегі – әлеуметтік әділдік. Оған қол жеткізудің бірден-бір жолы – ашықтықты қамтамасыз ету. Мәселен, елордадағы 4 аудан әкімшілігі аудан бюджетін халықпен санаса отырып, бекітеді. Бұл – шешім қабылдаудың ашықтығы және халықты соған қатыстырудың бірден-бір мысалы. Осы тәжірибені ауыл, аудандарға енгізу керек. Әкімдерді сол жергілікті халық сайлайтын дәрежеге жеткізу керек. Қазір ауыл әкімдерін жергілікті халық сайлау үрдісі басталған, енді соны жалғастыру керек. Екінші, әлеуметтік теңдік орнау үшін әкімшілік бөлшектердің көлемін қысқарту қажет. Мәселен, астана 4 ауданға бөлінген. Алматы ауданын алып қарасақ, «Хайвилл» тұрғын үйіндегілердің мұқтажы бір бөлек, 7-емхана жақтағы халықтың қажеттіліктері басқа. Астананы төрт емес, одан көп әкімдікке бөлсе де, артық етпейді. Шағын аудандар бойынша жергілікті әкімдіктер қалыптастырсақ, халық әкімдікке, әкімдік халыққа жақын болады. Халық саны аз болғанымен, мемлекетіміздің жері кең. Мақсат – елді бөлу емес, жергілікті жерді тиімді басқару. Себебі еңбек дауы, қымбатшылық, жұмыссыздық басқару жүйесінің тиімсіздігінен туындап отыр.

Бізде көпшілік жергілікті өзін-өзі басқару дегеннен қорқады. Солтүстіктегі өңірлер өз алдына бөлініп, сепаратизм туып, елдің тұтастығынан айырылып қалуымыз мүмкін деген сылтаумен өзгелерді қорқытады. Бірақ әлеуметтік әділдік болса, табыстан түскен салықтар тек орталыққа бағытталмай, аудандарда қалып, өңірлер дамитын еді.

Наима НҰРӘЛІ

Өзбекстан – Қазақстанның орталық азиядағы негізгі сауда серіктесі

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Өзбекстанға жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында Үкімет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиеевпен кездесіп, аталған елдің Премьер-Министрі Абдулла Ариповпен келіссөз жүргізді.

Ш.Мирзиеевпен кездесу барысында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты қарым-қатынас өзара сенімге және түсіністікке негізделген стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың жарқын көрінісі екенін атап өтті. «Сіздің өткен жылдың желтоқсан айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз Қазақстан мен Өзбекстанның кең ауқымды ынтымақтастығын дамытуға үлкен серпін берді. Екі елдің үкіметтері Сіздің және Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арасында қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыру мақсатында белсенді жұмыс істеп жатыр. Біздің одақтастық қатынастарымыздың қуатты әрі орнықты экономикалық платформасын құруға ерекше көңіл бөлініп отыр», — деді Ә.Смайылов.

Өзбекстан – Қазақстанның Орталық Азиядағы негізгі сауда серіктесі. 2021 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда көлемі 33%-ға артып, $4,3 млрд құрады. Таяу жылдары аталған көрсеткішті $5 млрд-қа дейін ұлғайтып, ортамерзімді перспективада $10 млрд-қа жеткізу жоспарда бар. Қазақстан мен Өзбекстанда 3 мыңға жуық бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Қазақстан Премьері машина жасау, жеңіл өнеркәсіп және өңдеуші сектордың басқа да салаларындағы Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығының жоғары серпінін атап өтті. Автомобиль жасауда, ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінде және тоқыма саласында 5 бірлескен жоба іске асырылып жатыр. Құрылыс индустриясы мен машина жасауда $365 млн жуық сомаға 7 жоба пысықталуда. Елдер арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі президенттердің арнайы өкілдерінің тетігі енгізілді. Екі елдің шекарасында «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығын құру жобасын іске асыру бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

Ә.Смайыловтың Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ариповпен келіссөзі барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, су-энергетикалық, транзиттік-көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы, тоқыма, автомобиль жасау, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың көптеген мәселелері талқыланды. Сырдария өзені бассейніндегі су шаруашылығы жағдайына және Қазақстан Республикасының оңтүстіктегі өңірлеріндегі суармалы жерлерді вегетациялық кезеңде сумен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Сапар қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласында ортамерзімді перспективаға арналған екіжақты ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі жол картасына қол қойылды. «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ өзбек тарапындағы әріптесімен Өзбекстан Республикасынан көкөніс өнімдері мен картопты сатып алуға шекті келісімшарт жасасты. Екі елдің іскер топтарының өкілдері машина жасау, АӨК және логистика салаларында жалпы сомасы $661 млн құрайтын бірқатар коммерциялық құжатқа қол қойды.

ҚАЗАҚСТАН мен ГЕРМАНИЯ ынтымақтастығының әлеуеті зор

Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин Германия Сыртқы істер министрлігінің Орталық Азия, Шығыс Еуропа және Кавказ елдері бойынша уәкілі Маттиас Люттенбергпен кездесті. Бұл туралы Ақорданың ресми сайтында жарияланды.

Кездесу барысында Ерлан Қарин мен Маттиас Люттенберг Қазақстан мен Германия арасындағы әріптестіктің қазіргі ахуалы мен даму перспективаларын талқылады.

Мемлекеттік хатшы Қазақстан Германияны Еуропа мен Еуропа одағындағы маңызды стратегиялық әріптесі санайтынын, екі ел арасындағы көпжоспарлы ықпалдастықты одан әрі дамытуға бейілді екенін айтты.

Сонымен қатар Ерлан Қарин еліміздің саяси жаңғыруына қатысты жоспарлар мен Мемлекет басшысының жаңа экономикалық бастамаларын жүзеге асыру жайында мәлімет берді.

Өз кезегінде, Маттиас Люттенберг Мемлекеттік хатшыға кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін алғыс айтып, Қазақстан мен Германия арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды ілгерілетудің әлеуеті зор екенін атап өтті.

А.СҰЛТАН

Атқарушы хатшы жұмыс басымдықтарын белгіледі

«Nur Otan» партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Оралов бейнеконференция байланысы арқылы партияның барлық өңірлік филиалдарымен кеңес өткізіп, таяу кезеңдегі жұмыстың басымдықтарын белгіледі.

Оның айтуынша, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстанды құру бойынша алға қойған міндеттерін сапалы әрі уақытылы орындау үшін барлық партиялық ресурстарды жұмылдыру қажет.

«Біз Мемлекет басшысы белгілеген реформаларды іске асыру мақсатында топтасуымыз қажет. Еліміз үшін осы күрделі кезеңде ауызбіршілік танытып, Президент жақтастырының негізі бола білуіміз керек деп санаймын. «Nur Otan» партиясы – мемлекеттілігіміздің институционалдық тірегі. Біз қоғамдағы барлық конструктивтік күштердің топтасуын қамтамасыз етіп, бар ресурстарды жұмылдыра отырып, қоғамдағы тұрақтылықтықты сақтауға үлкен үлес қоса аламыз. Елдің дамуы үшін ең маңыздысы – саяси тұрақтылық пен қоғамдағы келісім», – деді Асхат Оралов.

Ол «Nur Otan», ең алдымен қарапайым мүшелердің, яғни мұғалімдердің, медицина қызметкерлерінің, өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмысшыларының және қарапайым партияластардың мүдделерін қорғауға тиіс екенін атап өтті. «Nur Otan» партиясының басты мақсаты – халықпен жұмыс жүргізу, проблемаларын білу және оларды шешу үшін жағдай жасау, билік пен халықтың арасында конструктивтік қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

«Бүгінде «Nur Otan»-ға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Сондықтан біз өз жұмысымызды қайта қарауымыз керек. Барлық партиялық органдардың, партиялық фракцияның, қоғамдық кеңестердің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тиімділігін арттыру қажет. Партияның бастамалары орталықта ғана емес, барлық жергілікті жерлерде көрініс табуы үшін партиялық құрылымдардың бүкіл мүмкіндіктерін жұмылдырған жөн. Әсіресе, бастауыш партия ұйымдарына басымдық беру керек. Біздің 4,5 мыңнан астам бастауыш партиялық ұйымымыз бар. Бұл – кез келген саяси партияның негізгі өзегі, оның нақты күші. «Nur Otan»-ға деген сенім дәл осы бастауыш ұйымдардан бастау алады. «Бастауыш ұйымдар» партиялықтардың пікір алысу, нақты проблемаларды шешу орнына айналуға тиіс. Белсенді емес, тиімсіз басшылардың орнына ашық жиналыстарда нақты беделі бар көшбасшылар сайлануы керек», – деді «Nur Otan» партиясының Атқарушы хатшысы.

Сонымен қатар Асхат Оралов «Jas Otan» Жастар қанатының алдына бірқатар нақты міндет қойды. Оның айтуынша, жастарды партия айналасына біріктіру, нақты жұмыс істейтін «әлеуметтік сатылар» құру маңызды.

«Бұл ретте, «Jas Otan»-ға ерекше міндет жүктеледі. Ол формальды іс-шаралардан бас тартып, жастардың барлық санаттарымен жұмысты жаңа форматта жүргізуі қажет. «Jas Otan» белсенді жастар мен үкіметтік емес ұйымдарды жұмылдыру орталығына айналуға тиіс. Бұл ауыл жастарына баса назар аудара отырып, күн сайынғы жүйелі атқарылатын жұмыс болуы керек. Осы бағыттағы жұмыстарға 500-ден астам адамнан тұратын жас депутаттар корпусын тарту қажет», – деп атап өтті Асхат Оралов.

Сондай-ақ ол филиалдардағы жұмысқа азаматтық ұстанымы бар белсенді адамдар, ең алдымен Президенттік жастар кадрлық резервінің, праймериздің, облыстардың, қалалар мен аудандардың резервтік партиялық тізімдерінің қатысушылары тартылуы керегін атап өтті.

«Барлық сайлау алдындағы міндеттемелер толық көлемде орындалуы тиіс. Партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Партияның одан әрі өміршеңдігі сайлауалды уәделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек», – деді. Әрбір елді мекен бойынша 2021 жылғы өңірлік сайлауалды бағдарламалардың іске асырылуына талдау жасап, орындалу сапасына ерекше назар аудара отырып, нәтижелерін барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракциялар отырыстарында қарау керек», – деп атап өтті Асхат Оралов.

Сонымен қатар ол азаматтардың өзекті мәселелеріне уақытылы ден қою, оларды тікелей эфирде талқылау тәжірибесін енгізу қажеттігіне назар аударды.

Оның пікірінше, мәслихаттардағы партия фракцияларының отырыстары азаматтармен күн тәртібін алдын ала талқылай отырып, ашық өткізілуі тиіс.

Атқарушы хатшы тағы бір міндет ретінде мәслихат депутаттарының сайлаушылармен есеп беру кездесулерін өткізуді тәжірибеге енгізуді және өзекті проблемалар бойынша, оның ішінде шалғай елді мекендерде көшпелі отырыстар ұйымдастыруды атады.

«Келесі аптадан бастап Мәжіліс депутаттары халықпен кездесу үшін өңірлерге шығады. Ең алдымен, кездесулердің ашықтығына баса назар аударған жөн, формализм болмауы қажет. Қабылдауға халық қалаулыларымен кездескісі келетіндердің барлығын жазу керек. Жалпы, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын күшейту қажет. Өңірлер мен Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі сервистік модель аясында азаматтардан келіп түскеннен бастап түпкілікті шешім шыққанға дейінгі өтініштерге мониторинг жүргізуге тиіс», – деді Асхат Оралов.

Ерке ЕРҚОҢЫР

Мемлекет ішіндегі «мемлекет»

Қазақстанда квазимемлекеттік сектордың экономикадағы үлесі 60 пайызға жетті. Оны өзіндік менеджменті, жеке бюджеті мен сатып алу жүйесі бар мемлекет ішіндегі «мемлекет» деуге болады. Алайда мұндай модельден ел экономикасына пайда бар ма?

Дәулет АСАУ

Бюджет кодексіне және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңға сәйкес, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құрамына мемлекеттің қатысуымен құрылған ұлттық компаниялардан, холдингтерден, акционерлік қоғамдардан басқа, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар, серіктестіктер де енеді. Бұл секторды шартты түрде 4-ке бөлуге болады – басқарушы холдингтер («Бәйтерек», «Самұрық-Қазына»), басқарушы компаниялар («Зерде»), ірі ұлттық компаниялар («Қазақстан темір жолы», «Қазақтелеком») және төртіншісі жергілікті акционерлік қоғамдар – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар. Міне, егер бюджеттік ұйымдарды қоса есептесек, республикада квазимемлекеттік сектордағы 6,5 мыңнан астам ұйымда 1 млн 700 мың адам еңбек етеді.

Квазимемлекеттік сектордың құрамында коммерциялық түрге жатпайтын, алайда қоғам үшін аса қажетті әлеуметтік сипатта қызмет көрсететін немесе жолаушылар таситын ұйымдар бар. Бұлардың шығыны мол және мемлекеттің қаржылай қолдауы арқылы ғана қызмет етеді. Сондай-ақ бизнесте жұмыс істейтін, әйтсе де оған қабаттаса әлеуметтік фунциялар жүктелген немесе профильдік емес шаруалармен айналысатын ұлттық компаниялар да жетерлік. Сондықтан бұл сектор туралы сөз қозғағанда осының аражігін ажыратып алған жөн.

Жуырда ірі бизнесмендермен кездесу кезінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Мектептер мен «ҚазМұнайГаз» компаниясына бір өлшеммен квазимемлекеттік сектор субъектілері деп бірдей қарауы дұрыс емес. Бұл ақылға сыйымсыз» деуі содан. Сондай-ақ Президент мемлекеттің экономикаға қатысуын азайтып, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау қажеттігін айтты. Өйткені республикада экономиканың негізгі салаларын 2-3 немесе 5-6 ірі компания бақылауда ұстап отырғаны жасырын емес, олардың атаулары жұртшылыққа белгілі. Монополиялық жағдайдағы алпауыттардың дені – мемлекеттің қатысуымен құрылған компаниялар. Ал квазимемлекеттік секторды реформалау кезінде олардың орнын жекеменшік монополист басса, бұл ел дамуына кесірін тигізетіні даусыз. Өйткені олар нарықтағы басымдылығын пайдаланып, өз қызметтерінің немесе тауарларының құнын әлденеше есе қымбаттатып жіберуі мүмкін.

АҚША ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ТИІС

ОЭСР елдерінде ЖІӨ құрылымының 40-50 пайызын мемлекеттік кіріс құрайды. Жақын көршілердің өзінде бұл көрсеткіш бізден әлдеқайда жоғары: Украина – 40 пайыз, Ресей – 35,4 пайыз, Қырғыз Республикасы – 31 пайыз. Ал Қазақстанда ЖІӨ құрылымындағы салықтың үлесі кейінгі он жылда 9,9 пайыздан 7,3 пайызға дейін төмендеген. Керісінше, 2019-2021 жылдар аралығында бюджетті қалыптастыруда Ұлттық қордың трансферті артып, 12 трлн теңгенің үстіне шықты. Ал жалпы ішкі өнімде мемлекеттің шығын көлемі неғұрлым көп болса, ел экономикасының орташа өсімі соғұрлым төмендей бермек.

Нақты айтқанда, республикада үш бөлек бюджет қалыптасқан: мемлекеттік бюджет, ұлттық компаниялардың бюджеті және Ұлттық қор. Сондықтан «экономиканы басқару моделін өзгертіп, квазимемлекеттік секторды реформалау жөн» деп санайды экономист Айдар Әлібаев.

«Квазимемлекеттік секторда тиімсіз әрі шығынды кәсіпорын көп. Кейбіреулері басқа елдерде табысты саналатын салалардың өзінде қып-қызыл шығынға батып кеткен. Елімізде жүйеқұраушы алпауыттың бірі саналатын «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның өзінің шығыны шаш етектен. Мұндай жағдайда ештеңе өндірмейтін, тек қазынаның қаржысына қарап отырған қатардағы басқа мемлекеттік компаниялар туралы не айтуға болады?»,– деді экономист.

Ресми дерекке көз жүгіртсек, мемлекеттің қатысуымен құрылған ұлттық компаниялардың көпшілігі былтырғы жылды шығынмен аяқтаған. Мәселен, «Самұрық-Қазына» бюджетке 7,5 трлн теңге берешек. Бұл ғаламат көп ақша. Салыстыру үшін айтсақ, елорданың үш жылдағы бюджеті (2019-2021) 1 трлн 114 млрд теңгені құраған, сонда оның қарызы астана сияқты 7 қаланы 2 жыл ұстап тұруға жетеді екен! Дәл осындай олқылықтар квазисектордың субъектілері саналатын «Қазтрансгаз», «Қазтрансойл», «Қазақтелеком» және «ҚТЖ», «Бәйтерек», басқа да компанияларда кездесетініне күмәнім жоқ. Бұл мемлекеттің нашар менеджер екенін көрсетеді. Сол себептен ұлттық компанияларды жекешелендіру ісі кезек күттірмейтін көкейкесті мәселенің біріне айналып отыр.

Бүгінге дейін квазимемлекеттік секторды «асырау» үшін қазынадан қыруар қаржы жұмсалып келді. 2020 жылы квазимемлекеттік секторға республикалық бюджеттен 817 млрд теңге бөлініп, оның 20 млрд теңгесі игерілмей қалды. 2021 жылғы игерілмей қалған соманы қоса есептегенде, ол 56 млрд теңгеден асып жығылады. Яғни, ел экономикасы инвестицияға зәру қазіргідей қысылтаяң жағдайда мұншама мол ақшаның іске жаратылмай жатуын қалай ақтап алуға болады? Ал бұл қаржыға 1,2 мың орындық 18 жаңа мектеп салуға болар еді. Ақша тек жатпай, жұмыс істеуге тиіс.

ЖҮЙЕЛІК ПРОБЛЕМА ЖЕТІП АРТЫЛАДЫ

Президенттің тапсырмасы бойынша, республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің жүргізген аудит кезінде квазисектордың 60 жүйелік проблемалары мен кемшіліктері, 41 млрд теңгенің қаржылық заңбұзушылығы активтерін тиімсіз басқару салдарынан 340 млрд теңге шығын анықталды. Бұл – жылдан-жылға қайталанып келе жатқан келеңсіздіктер. Өткен 20 жыл ішінде квазимемлекеттік секторды жоғары технологиялық және нәтижелі институтқа айналдыру міндеті орындалған жоқ. Трансформация созылып кетті, ал компанияларды жекешелендіруге арналған 2016-2020 жылдардың жоспары тек 62 пайыз орындалды.

«Квазимемлекеттік секторды жекешелендіруден Ұлттық қорға түскен кіріс 2017-2020 жылдары 40 млрд теңгені немесе 7 пайызды құрады. Қалған ақша ішкі және сыртқы қарыздарды өтеуге жұмсалды. Мемлекетке таза табыстан түскен соманың 7 пайыз көлемінде ғана дивиденд төледі. Әйтсе де, Президент таза табысты 100 пайыз аудару керегін тапсырған болатын», – деп Есеп комитетінің төрайымы Н.Годунова бар кемшілікті жайып салды.

Бұл жерде ұлттық компаниялар өз табыстарын мемлекетке дивиденд ретінде төлеуден гөрі профильді емес объектілерді қаржыландыруға (398 млрд теңге) көп жұмсайтынын айта кеткен жөн. Квазимемлекеттік секторда профильді емес шығын шамадан тыс көп. Мәселен, моторлы яхта, шаңғы трассасы бар спорттық-сауықтыру кешендері, дәмханалар, қонақүйлер, ат қоралар және басқа да инфрақұрылымдар бар. Олардың бәрін ұстап тұруға қомақты қаржы қажет. Мұның бәрі орынсыз шығын, егер мемлекет осы ақшаны әлеуметтік салаға немесе инфрақұрылымды жетілдіруге берсе, халыққа міне содан көп пайда болар еді.

> *Бүгінге дейін квазимемлекеттік секторды «асырау» үшін қазынадан қыруар қаржы жұмсалып келді. 2020 жылы квазимемлекеттік секторға республикалық бюджеттен 817 млрд теңге бөлініп, оның 20 млрд теңгесі игерілмей қалды. 2021 жылғы игерілмей қалған соманы қоса есептегенде, ол 56 млрд теңгеден асып жығылады.*

Сондай-ақ квазимемлекеттік сектор өндірісті дамытуға бағытталған несиені де қазынадан көп жеңілдікпен алып келді. Мәселен, экономиканың әр саласы бойынша республикалық бюджеттен бизнесті қолдауға бөлінген қаржыны жеке кәсіпкерлер 6-9 пайыз мөлшерлемемен алса, ол квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 1 пайыздан төмен мөлшерлемемен беріледі.

Одан бөлек, квазимемлекеттік сектордағы әкімшілік шығының 58 пайызы жалақыға жұмсалады. Директорлар кеңесінің мүшелері компания шығынға батып жатса да, өздеріне мол бонустар мен сыйақы тағайындай беретін болған. Өркениетті мемлекеттерде бонус пен сыйақы компания тек табысты болған жағдайда белгіленеді, бізде ондай «мәдениеттіліктің» жұрнағы да жоқ. Компания штатында тиісті мамандар бола тұра, қазынадан қаржы шығарып, шетелден мамандар шақырту мысалдары да жиі кездеседі. Осы тектес шығындарды азайтпай, дивидендтердің көлемі мен оны төлеу уақытын нақты белгілемей, қазынаның қалтасын толтырамын деу бекер әурешілік.

Ал мемлекеттік сатып алу кезінде ұлттық холдинг құралдарының 80 пайызы бәсекелестік емес тәсілмен орналастырылады. Мәселен, «Самұрық-Қазына» тек бір тауар – көмірді сату кезінде ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз еткенде қазынаның қаражатын 20 пайызға үнемдеген болар еді, бұл жылына 1 млрд теңгеге жақын сома. Хлор, дизельді отынды сатуға қатысты да осыны айтуға болады.

«Сол себепті мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы туралы бірізді заң қабылдауды тездету керек. Бұл процедуралардың бәрі Қаржы министрлігінің е-сатып алу порталындағы орталықтандырылған платформасында жүзеге асырылуға тиіс»,– деп санайды Есеп комитетінің төрайымы Н.Годунова.

Жоғарыдағы мысалдардан мемлекеттік кәсіпорындардың ресурстарға, қаржыға және нарыққа басымдылық жағдайында қол жеткізетінін көреміз. Ол жекеменшік компаниялардың дамуына, ел экономикасын әртараптандыруға, тікелей инвестициялардың келуі мен еңбек өнімділігін артуға кедергі келтіреді. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың асқынуына жол ашады. Сондықтан бюджеттің мойнына масыл болып отырған квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалаудың маңызы зор.

Қайдасың, қайда, инвестор?

«Қасіретті қаңтар» инвесторды шошытты. Билік KASE, АХҚО биржаларының жұмысын бірер күнге доғаруға мәжбүр болды. Лондон қор биржасында елдің көшбасшы қос банкі Kaspi Bank пен Halyk Bank акциялары алапат ауқымда – тиісінше 25,1% және 17,7%-ға құлдырады. Яғни, құнды қағазға қаражатын салатын инвесторлар да қазақстандық активтен жаппай арылған. Қаржыгерлер қазір жағдай тұрақтанғанын айтады. Алайда жылдар бойы түзілген жағымды инвестклимат зардап шеккені байқалады.

Айхан ШӘРІП

Қуаныш САПАРБАЙ *(коллаж)*

ҚҰТЫ ҚАШҚАН ЕЛГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ҚҰТАЙМАЙДЫ

Экономика ғылымдарының докторы, доцент Ербол Сығаев бір мәселеге назар аудартады: тәртіпсіздіктер кезінде тек Алматыда ғана емес, өзге өңірлерде де қаржы секторы пұшайман күйге түсті.

«Қаңтардың басында бірнеше күнге интернеттің бұғатталуы салдарынан барлық қаржы институтының, банктердің, сақтандыру, брокерлік-диллерлік компаниялардың және басқа да бизнес нысандарының жұмысы дағдарды. Қаржы субъектілерінің ұялы қосымшалары пайдасыз болып қалды. Ақша аудару, төлем жасау мүмкін болмады. Қазақстан бүкіл қаржылық секторының жұмысы жалғыз осы ресурсқа – интернетке толығымен тәуелді екенін әлемге паш етті», – дейді ғалым.

Бұл Үкіметтің экономикалық қауіпсіздік мәселесін жете ойластырмағанын көрсетеді. Мысалы, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов цифрлық теңге іске қосылатынын жариялап та жіберді. Бүгінде соған дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді. Былтыр Ұлттық банк цифрлық теңгені енгізудің пилоттық жобасын қолға алды, платформаның прототипін әзірлеу аяқталған. «Ұлттық төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті нормативтік-құқықтық база әзірленді. Биыл 1 шілдеге қарай оны толық іске қосуды жоспарлап отырмыз», – деді Ғ.Пірматов.

Цифрлық ұлттық валютаның енгізілуі де интернетке тәуелділікке қатысты проблеманы көкейкесті ете түседі. Болашақта жұрттың қолында «цифрдан» басқа ақша қалмаса, қағаз ақша болмаса, мемлекет интернеттен ұзаққа ажырап қалса, халық азық-түлік сатып ала алмай, ашықпай ма? Әлеуметтік кернеу бүлік қатерін күшейтпес пе? Ондай елде инвестор тұрақтамасы сөзсіз.

«Стратегиялық тұтас секторлардың интернетке тәуелділігінің үлкен қауіп-қатері бар. Сондықтан бұл оқиғалардан сабақ алу керек. Резервтік IT шешімдер әзірленгені жөн, олар Қазақстан интернеттен және SWIFT жүйесінен ағытылған жағдайда қаржылық операциялардың үздіксіз жүргізілуіне мүмкіндік беруі тиіс. Әйтпесе, елдің қаржылық жүйесінің тым осалдығы инвесторларды үркітуі мүмкін», – дейді ғалым.

ТАБИҒАТЫ ТАЗА, ХАЛҚЫ ТОҚ ЕЛГЕ – ҚАЛТАЛЫ ЖАҚ

Жаңа Үкімет Қазақстанның инвестициялық саясатын өзгертуге ниетті.

«Ұлттық экономика министрлігі биылғы ақпан айында 2025 жылға дейінгі Инвестициялық саясат тұжырымдамасын қабылдауды жоспарлап отыр. Оның аясында инвестициялар тарту саясаты қайта қаралады, онда енді ESG, жаһандық энергетикалық және технологиялық трансформация талаптары ескеріледі», – дейді Экономика министрі Әлібек Қуантыров.

Бұл жерде әңгіме декарбонизация үрдісі жайында болып отыр. Табиғатты CO2-мен көп ластайтын, жасыл экономикаға ден қоймайтын, көміртек шығарындыларын азайтпайтын елдерден инвесторлар теріс айналмақ. Әйтпесе, олардың өніміне дамыған мемлекеттер шамадан тыс салық салады, сондай-ақ экологиялық қозғалыстар наразылық акцияларымен компанияның беделін түсіреді.

Инвестор тартуда Қазақстанды қиын заман күтіп тұрғандай. Өйткені елімізде бүкіл қуат-энергияның 70 пайыздайы көмір мен мазут жағатын, яғни жыл он екі ай ауаға CO2 бөлетін стансалар өндіреді. Қазақстандықтардың үйлерін де негізінен көмір жағылатын қазандықтар мен пештер жылытады. Президенттің байламынша, республика 2060 жылға қарай «климаттық-көміртекті бейтарап елге» айналады. Бірақ оған дейін де өмір сүріп, өркендеу керек.

Декарбонизация, ESG секілді әдемі сөздерді білу аздық етеді, олардың талабына сәйкес келген маңызды. Өйткені қазіргі заманда шетелдік инвесторлар қандай да бір елге инвестиция құю туралы шешім қабылдағанда ол мемлекеттің немесе жобаның ESG критерийлеріне қаншалықты сай келетінін басшылыққа алады.

2020-2021 жылдары Morgan Stanley, Ernst&Young және McKinsey жүргізген зерттеулер көрсеткендей, сақтандыру, зейнетақы және инвестициялық қорлар түріндегі институционалдық инвесторлардың, сондай-ақ милленниал-инвесторлардың басым бөлігі компаниялардың ESG-рейтингін қадағалайтын болып шықты. Неге? PwC сұрау салған тұтынушылардың 76%-ы «қоршаған ортаға, қызметкерлеріне немесе жергілікті жұртшылыққа нашар қарайтын компаниялардың өнімдерін сатып алуды тоқататынын» мәлімдепті.

ESG ЕС ЖИҒЫЗБАЙ ТАСТАМАСЫН

Қалай болғанда да, Қазақстан «и-эсджиден» теріс айналмаса, қайта соған бет бұрса, құба-құп. Себебі ESG-күн тәртібіне бағдарланған қорлардағы қаражат орасан зор: шешім қабылдау кезінде экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік ахуалды назарға алатын жаһандық инвест-активтер соңғы 8 жыл ішінде үш еселеніп, 40,5 триллион (!) долларға жеткен. Осы инвестиция дариясының мыңнан бір бөлігін өзімізге бұра алсақ, қазақстандық экономика биік асуға көтеріле алар еді.

PwC дерегінше, 2025 жылға қарай басқа барлық қорлардан әлдеқайда көп актив дәл осы ESG қорларының қолында шоғырланады. Жаһандық ESG қорларының саны да еселеп артуда: 2020 жылдың соңында олардың саны 4 153 болса, 2021 жылдың соңында 7,5 мыңнан асты. PricewaterhouseCoopers дерегінше, таяу болашақта ESG талаптарын сақтамау – жекелеген компаниялар және тұтас елдер үшін капитал нарықтары есігінің тарс жабылуына соқтыруы мүмкін.

Сонымен бірге осы тұрғыда «лас» елдер үшін шетелдік заем да қымбаттайды. Халықаралық валюта қорының бағалауынша, «климаттың өзгеруіне әсерінің 10 пайыздық пунктке артуы нарықтық экономикасы жаңа қалыптасқан елдердің ұзақмерзімді мемлекеттік облигациялары бойынша спредтердің 150 базистік пунктпен астамға артуына әкеледі». Ал «климаттың өзгеруіне оң үлестің 10 п.п.-ке жақсаруы облигациялар бойынша спредтің 37,5 б.п.-ке төмендеуіне ықпал етеді».

Әзірге декарбонизация мәселесінде Қазақстанның жағдайы мәз емес. Әлгінде айтылғандай, елдегі электр қуатының 70 пайыздайы көмір-мазут жағатын стансалар мен ЖЭО-ларда өндіріледі. Кейбір қалаларымызда содан қап-қара қар жауатынды шығарды. Экологиялық жағдай көп жерде сын көтермейді. Қазақстан өткен онжылдықта ЖІӨ-ге шаққанда парник газдарын шығару көрсеткіші бойынша әлемде бірінші орын алды.

Мысалы, көрші Өзбекстан осы онжылдықта су және күн электр стансаларынан алынатын энергияның үлесін 25%-ға жеткізуді жоспарлап отыр. Оларда жаңа жобалар іске қосылуда. Ал Қазақстанда шеуніктер мұның бәрін көзбояушылыққа айналдырып жіберген: былтыр құзырлы органдар жүргізген тергеу барысында әшкереленгендей, өңірлерде шенділер жалған фирмалар құрып, сол арқылы Қытайдан арзанқол күн панельдерін тасыған, оған мол субсидия алған. Ол панельдерді фермерлерге, ауыл тұрғындарына таратыпты, олар болса, бұл «жылтыр тақтайды» қалай пайдалану керегін білмеген.

ИНВЕСТОРҒА СҮЙКІМСІЗ ӨҢІР ӘКІМІ ЖАЗАЛАНАДЫ

Жалпы, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің байламынша, Өзбекстан біздің аймақта инвестор тартуда қазаққа мықты бәсекелес болғалы тұр.

«Тікелей шетелдік инвестициялар ағыны үшін жаһандық бәсеке шиеленісуде. Әлем елдері инвесторларды тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасауға тырысады. Мысалы, Өзбекстан үдемелі инвестиция саясатына көшті. Инвестициялық бағдарламасына сәйкес, Өзбекстан шетелдік инвестиция көлемін 35 миллиард доллардан асыруды жоспарлап отыр», – деді ведомство.

Смайылов Үкіметінің 2025 жылға дейінгі жаңа «Инвестициялық саясат тұжырымдамасында» біріншіден, осы төрт жыл ішінде негізгі капиталға салынған инвестиция көлемін ЖІӨ-нің 30%-ына жеткізу, екіншіден, тікелей шетелдік инвестициялардың жыл сайынғы жалпы ағынын 2025 жылға қарай 30 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайту белгіленбек.

Әзірге Үкіметтің жетістігі мақтанарлық емес. 2 ақпанда Инвестициялық штаб отырысын өткізген Премьер Әлихан Смайылов 2021 жылдың 9 айында ел экономикасына құйылған тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) 49%-ға артқанымен, небәрі 18,7 млрд долларды құрағанын жеткізді. 49% – бір қарағанда, ауыз толтырып айтуға жарамды. Алайда ол «дұрыс салыстырудан» пайда болған көрсеткіш: 2020 жылы Қазақстан бар-жоғы 17,1 млрд доллар ТШИ тарта алды. Ал пандемияға дейінгі 2019 жылы ТШИ көлемі 24 миллиард доллар болды. Яғни, 2019 жылмен салыстырсақ, былтыр ТШИ 22%-дан астамға құлдырады. Топ-10 инвестор қатарында Нидерланд, АҚШ, Швейцария, ҚХР, Ресей, Ұлыбритания, Бельгия, Түркия, Оңтүстік Корея және Франция қалды.

Жаңа жоспар аясында ТШИ көлемін 2022 жылы – 23,9 млрд, 2023 жылы – 25,1 млрд, 2024 жылы – 27,6 млрд, ал 2025 жылы – 30 млрд долларға жеткізу міндеті қойылмақ.

Жаңа тұжырымдамада Қазақстанды инвесторларға тартымды етуге бағытталған тың шаралар көзделуде. Мысалы, инвестахуалға ықпал етуі мүмкін заңдардың, нормативтік-құқықтық актілерінің жобалары алдымен инвесторлардың талқылауына салынып, солардың пікірі де ескерілмек. Сарапшылар инвестор болса да, шетелдіктерді ұлттық заңнаманы түзуге араластыру қауіпті болуы мүмкін деп алаңдаушылық білдіріп отыр.

Шетелдік басқарушылық, жоғары білікті және техникалық қызметкер жалдауға шектеуді азайту, шетелдік мигранттар үшін квотаны 50 пайызға дейін ұлғайту мәселесі пысықталмақ. АХҚО-ға инвестиция салғандарға «инвестициялық салықтық резиденттік» ұсынылады: инвесторға және оның отбасы мүшелеріне Қазақстанның көп реттік визасы беріледі, елге еркін келуіне жол ашылады. ESG талаптарын Қазақстан жағдайына бейімдеу бойынша ұсыным-кеңестер әзірленеді, 2023 жылы Бірыңғай қазақстандық ESG-рейтингі құрылуы тиіс.

Әкімдер енді өз өңіріндегі инвестклиматқа жауапты болады: өткен жыл қорытындысында инвестиция тарту бойынша ең төменгі көрсеткіштер Батыс Қазақстан (нысаналы көрсеткіш 69,6% ғана орындалған) және Қызылорда (66,4%) облыстарында тіркелді. Премьердің тапсырмасымен екі өңір әкімдерінің жауапты орынбасарлары тәртіптік жазаға тартылады.

Айлық «айқаймен» өсе ме?

(Басы 1-бетте)

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Кейін бұл мәселеге байланысты «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Талғат Есентүгелов ресми мәлімдеме жасап, қызметкерлердің айлығын 30 пайыз көтеру, мерекеде сыйақы төлеу мәселесінің шешіліп жатқанын хабарлады. Әрі компания басшылығы қызметкерлер көтерген мәселелер бойынша еңбек арбитражының құрамын бекітті. Оған кәсіпорынның 3 қызметкері мүше болды.

Соңғы күндері «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен бөлек Дунга кен орнын игеріп жатқан Total ЖШС, «КаспийПрофСнаб», Planika мекемелерінің де жұмысшылары бас көтеріп, жұмыс берушілерден жалақыны көтеру, еңбек келісім-шартын жасасуды талап еткен.

Бір кездері жекеменшікке өткен «Бұрғылау» ЖШС жұмысшылары құрылымды қайтадан мемлекет меншігіне алуды қалайды. Сол секілді өңірдегі 6 мұнай сервистік компанияның жұмысшылары да мекемені мемлекеттің меншігіне қайтару туралы өз талаптарын жариялады.

Маңғыстаудағы ушыққан еңбек қатынастары мәселесіне Үкіметтің кеңейтілген отырысында да айрықша назар аударылды. Басқосуда облыс әкімі Нұрлан Ноғаев былтыр мұнайлы өңірде 62 ұжымдық еңбек дауы тіркелгенін айтты. Ондағы 24 факті бойынша мәселені тараптар 3 сағат ішінде шешіп, келісімге келген. Олардың барлығында жұмысшылар жалақыны арттыруды талап еткен.

Былтыр желтоқсан айында Aiqyn газетіне берген сұхбатында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов та еңбек даулары негізінен мұнай сервистік компанияларда болатынын мысал еткен. Бұл мәселе бойынша Үкімет жанынан арнайы жұмыс тобы да құрылған.

НАРАЗЫЛЫҚ «ЧЕЛЛЕНДЖІ»

Әйтсе де, жыл басынан бері леклегімен жалғасқан еңбек даулары еңбек қатынастарын реттеу механизмін жетілдіру қажетін көрсетті. Мұнда мәселені шешудің жалғыз жолы айлықты көтеру емес сияқты. Өйткені жекелеген мекеме қызметкерлерінің бас көтеріп, жалақысын көбейту басқа ұжымдардың да осынау қадамға баруына ықпал етеді. Мәселен, Маңғыстаудағы мұнайшылар мен мұнай сервистік компания қызметкерлерінің наразылығынан соң басшылық олардың мәселесін шешуге мойын бұрды. Нақты нәтиже де бар. Осыны естіп-біліп отырған жедел жәрдем көлігінің жүргізушілері, мұнай сервистік компаниялардағы өрт сөндірушілер, халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының қызметкерлері де жалақыны көтеруді талап ете бастады. Нәтижесінде мұнай сервистік компанияның өрт сөндірушілерінің айлығы 30 пайызға өсті. Маңғыстаулық халыққа қызмет орталығы қызметкерлерінің де жанайқайы басшылықтың құлағына жеткен сыңайлы. 5 жыл бойы еңбекақысы өспеген халық қызметшілеріне қуанышты хабарды жеткізу үшін Маңғыстауға «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Әділ Қожықов арнайы ат басын бұрды. Басқарма төрағасы халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерімен кездесу кезінде корпорацияның барлық филиалында айлық 1 қаңтардан бастап 25 пайызға көбейетінін жеткізді. Шілде айында еңбекақыны тағы 25 пайызға өсіру жоспарланған. Оған қоса халыққа қызмет көрсету орталықтарының мамандары шілде айынан бастап 50 пайыздық үстемеақы қосылған айлық ала бастайды.

Жоғарыдағы мысалдардан соң қызметкерлері басшылықтың алдына жалақыны көтеру туралы талап қоятын мекемелердің қатары молая түсетіні анық. Демек, қоғамда жалақыны көтеру, әлеуметтік қорғау тетіктерін қарастыруда наразылық білдіру тенденциясы белең алады. Десе де, әлеуметтанушы Ілияс Тілеуберген еңбек дауларына жалақының аз-көптігін бұрын әлеуметтік теңсіздік себеп болатынын айтты. Сондықтан мәселенің астарына тереңнен үңілу үшін әр ұжымдағы еңбек дауын жеке-жеке зерттеу артық болмайды.

– Наразылыққа шыққан жұмысшылардың көбі әлеуметтік әділдікті талап етеді. Мұнда мәселе айлықтың көп не аз төленуі емес. Мәселе айлықтың дұрыс тағайындалмауында. Басшы мен қатардағы қызметкер айлығындағы айырмашылық жер мен көктей. Демек, мұнда әлеуметтік әділдік немесе әлеуметтік теңдік жоқ.

Сондықтан мейлінше әр дауды, әр компанияның мысалында жекеже зерттеу қажет, – дейді Ілияс Тілеуберген.

Әлеуметтанушылардың келесі бір тобы мәселені әр маманның еңбек жүктемесін заң аясында бекіту арқылы шешуге болатынын айтады. Жүктемеге сай әр қызметкердің алдына күндік, айлық жоспар қойылады. Сәйкесінше жоспарын асыра орындағандарға үстемеақы төленеді. Бұл тетік қызметкерлерді жұмысқа ынталандырумен бірге еңбекақы төлеу жүйесіндегі теңсіздікті жоюға мүмкіндік бермек.

Қысқасы, көп жағдайда еңбек дауларына қатысушылар еңбекақыны көтеруді талап етеді. Әрі оның басым бөлігінде наразы топ өз дегеніне қол жеткізіп жатады. Әйтсе де, жауаптылар бұл тенденцияның жақсылыққа апармайтынын түсінгені жөн. Өйткені «айқаймен» айлық өсіру тенденциясы кім-кімге болмасын абырой әпермейді. Сондықтан еңбек қатынастарын реттеу жүйесінде еңбек жанжалдарын алдын алудың мүмкіндіктері қарастырылғаны жөн.

Жер мәселесі: әкімдердің әлегінен құтылдық

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

«ӘКІМ ӘКІМ БОЛАР МА, ЖЕРГЕ ҚОЛ СҰҚПАСА»

Иә, әкімдіктегілердің асыптасқанына әйтеуір бір тоқтау керек болатын. Әйтпесе шенді-шекпенділердің былығы көбейіп, халық зиянын көрген еді. Мәселен, Түркістан облысында осындай жағдай жетерлік. 2016 жылы Сарыағаш ауданында 300 гектар жайылымдық жерді сол кездегі аудан әкімі Бұқарбай Парманов қаулы шығарып, бәзбіреулердің меншігіне беріп жіберген. Ешқандай заң талаптары сақталмаған екен. Тағы бір жер дауынан арылмаған аудан – Төлеби ауданы. Әлгі айтқан Б.Парманов Сарыағаштан кейін дәл осы ауданға басшы болып келген. Кейін де бірталай заңсыздыққа барып, өзінің қалаған адамдарына жер үлестіріпті. Соның кесірінен былтыр аудан аумағындағы даулы жерлерге қатысты 34 талап-арыз қаралған. Жер берудегі заңсыз әрекеті үшін ешқандай жауапқа тартылмаған сол Парманов кейін Шымкент қаласының Абай ауданына басшы болды.

Тағы осындай бір былық Түркістанның Шардара ауданынан шыққан еді. Заң талабына қарамастан, жайылымдық жерлер бағып отырған малы жоқ адамдарға берілген. Әкімдіктің қаулысымен Қ.Тұрысбеков ауылдық округі аумағынан бақандай 384,0 гектар жайылымдық жер 49 жылға жалға беріліп кеткен. Ал осы облыстың Жер қатынастары басқармасы 2021 жылы мұндай былық барлық ауданда барын, қолға өткен жерлерді мемлекет меншігіне қайтаратынын хабарлаған.

Қош, демографиялық қысымы қатты, халқы да, өрісте жайылған малы да көп Түркістан облысында жайылымдық жерге таласқандарды түсінуге болар. Аса бір шүйгін жері жоқ Маңғыстау облысында да жер иеленуге құлықтылар көп екен. 2019 жылы өңірдегі ең үлкен елді мекеннің бірі – Маңғыстау ауылының әкімі мен орынбасары заңсыз жер бергені үшін сотталды. Аукцион өткізбей-ақ, қаражатты бюджетке аудармастан 8 жер телімін жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілерге бөліп берген. 2020 жылы Алматы облысының Кеген ауданында ауылшаруашылық жерлерін шенділер өз туыстарына бөліп бергені айтылды. 240 гектарға жуық жерден халыққа ұлтарақтай жер де бұйырмаған.

Не керек, қайтқен күнде де жерге көз тікпей отыра алмайтын әкімі көп елміз.

ЖЕР ТАРТЫСЫ – ЖЕМҚОРЛЫҚ

Заңсыз жер үлестірудің түптөркіні сол ақшада, яғни жемқорлықта жатқанын аңғару қиын емес. Әкімдіктер жер билігін қолына алғалы екі түрлі заңсыздық тарады. Біріншісі, ел жақсы білетін үй салу үшін жер телімін алуға кезекке тұруда. Елде жеке тұрғын үй салуға Қазақстан азаматтарына тегін жер берілетінін білеміз. 2021 жылғы дерек бойынша, 1,5 миллион адам кезекте тұр. Бірақ ақысыз жер телімін беру кезінде таныстық пен жемқорлық жайлаған. Бұны жер қатынастары жөніндегі заңгер Бақытжан Базарбек айтып берді.

– Тізімде өлген адамдар, жеке бас куәлігін жоғалтып алғандар, басқа елге қоныс аударған адамдар жүреді. Бұрын жер алып қойған немесе тұрғылықты мекенжайы жоқ, көшеде жүрген адамдар да барын көрдік. Бұл адамдарды әкімдік жасырын түрде қосып келген. «Оларды арнайы тізімге не үшін қосады?» дерсіз. Себебі әкімдіктегі тізімде жылдап кезекке тұрғысы келмейтін адамдар мәселені ақшамен шешкісі келеді. Мысалы, кей адамдар бар, 20 жыл бойы тізімде тұр. Аудандарда ақысыз жер телімін алу үшін кезекте кемінде 7 жыл тұру керек. 15 мыңыншы орында тұрған адам 4-5 мың АҚШ доллар беретін болса 350-орынға көтерілуі мүмкін. Ал тізімде сіз иеленген 350-орында тұрған азамат бірнеше жыл бұрын қайтыс болып кеткен. Әкімдіктегілер қайтыс болған адамды тізімнен шығарып тастап, оның орнына пара берген азаматты қоя салады, – дейді Б.Базарбек.

Енді екінші мәселеге келейік. Бұл – аудандық және қалалық әкімдіктің жанындағы жер комиссиялары. Дәл осы жер комиссияларына әкімдер төраға болып отырды. Біреуге жер берерде комиссияны өзінің шешіміне көндіреді. Ол үшін жазалана қоймайды. Неге? Себеп қарапайым, шешімді қабылдаған өзі емес, комиссия болып шығады. Сол арқылы жерді жақынына, не ақша ұсынған адамға берсе де – өз еркі. Қылмысты әшкерелеу қиын. Абырой болғанда, Жер комиссиясының арқасында осы әділетсіздік жойылды.

– Әкімдердің заңсыздығын Жер комиссиясында ашып айттық. Жер кодексінің 97-бабына 2018 жылы өзгеріс енгізген едік. Сол өзгерістерге сәйкес, «шаруа фермер қожалығын жеке тұрғын үй құрылысы және жеке қосалқы үй шаруашылығына, яғни жердің нысаналы мақсатын ауыстыруға тыйым салынған» деген норманы осы баптың 3-тармағына қостық. Норма жұмыс істеді, бірақ іс жүзінде жергілікті органдар, аудандық деңгейдегі әкімдіктер ауылшаруашылық жерлерін заңды айналып өту арқылы иемденудің жақсы амалын ойлап тапты. Яғни, жерді бағбандық немесе саяжай ретінде алады, оған тыйым жоқ. Заңның олқы жерлерін пайдаланып, осы кезге дейін үлкен алқаптар әркімге беріліп кетті. Енді оның бәрін жөнге келтіру қажет, – деді заңгер Бақытжан Базарбек.

Бұл мәселенің қиыны сол, әкімдіктердің заңсыз іс-әрекеті арқылы елімізде қанша гектар жер азаматтардың иелігіне өтіп кеткені жайлы нақты дерек жоқ. Кеш те болса заңсыздыққа тұсау салу құптарлық амал болды. Ендігі міндет – жер қатынастары саласына қарайтын басқармалар заңсыз беріліп кеткен жерлерді толық анықтап, жағдайды ретке келтіру. Ал жаңа функцияны өз ырқына алған Жер ресурстарын басқару комитеті қалай жұмыс істейтін алдағы уақыт көрсетеді.

Онлайн несие:«қаржы қақпанынан» сақ болыңыз!

Халқымыз жүруді жаңа үйренген сәбидің тұсауын «ешкімнің ала жібін аттамасын» деп ала жіппен кескен. Мұндағысы өзгенің ақысына кіріп, обалына қалмасын дегені. Алайда соңғы кезде бейтаныс адамдардың атынан несие алатын «онлайн алаяқтар» көбейген. Былтыр үш айда 7 мыңға жуық қылмыс тіркеліпті. Ал осыдан 3-4 жыл бұрын мұндай сан бір жылда тіркелетін. Ендеше онлайн алаяққа алданбаудың амалы қандай? Игілігін өзіңіз емес, өзге адам көрген несиені қалай жабуға болады?

Көктем ҚАРҚЫН

Елдар ҚАБА (коллаж)

ДАУДЫҢ БАСЫ МИКРОҚАРЖЫ

Қазір несие алу үшін бұрынғыдай банк кезегінде тұрып, бірнеше беттік келісімшартты оқу шарт емес. Банктен несие ала алмайтын адамдар микроқаржылық ұйымдардан жылдам несие рәсімдейді. Ол үшін ұялы телефоныңыз болса жеткілікті. Немесе кез келген дүкен бұрышында тұратын терминал арқылы да лезде ақша ала аласыз. Дегенмен соңғы уақытта микроқаржылық ұйымның пайдасынан зияны көбейді. Айталық, сотта ең көп қаралатын істердің бірі – онлайн займ алып, опық жеп жүргендерге қатысты. Қазір еліміз бойынша 7 миллионнан астам онлайн несие рәсімделген. Бұл әрбір екінші қазақстандықтың мойнында қарыз бар деген сөз. Бірақ солардың кейбірі өздері қолына алмаған ақшаны өтеумен әлек. Кейіпкеріміз Уатхан да солардың қатарынан. Ол өз қажеттілігіне деп несие тарихын, құжаттарын реттеп жүрген. Содан банкке барып, қарыз алайын десе, төленбеген кредиті бар екенін естиді.

– 5 ай бұрын микроқаржы беретін мекемеде менің атымнан 145 мың теңге онлайн несие рәсімдепті. Ол күні мен ауылда болғанмын, ештеңені банкке дәлелдеп, ақталмадым. Алған несиенің пениясы біраз сомаға дейін өсіп кетіпті. Дереу іске кірістім. Содан банктен несие рәсімдеген мекеменің атауын тауып алдым. Қостанай қаласынан ақшаны шешіп алыпты.Сол мекемеге хабарластым, маған еш саспастан полицияға барып арыз жазып, сол талонмен келіңіз, қарызыңызды жабамыз деді. Сөздеріне қарағанда, мұндай жағдай бұл мекемеде жиі болатын тәрізді, – дейді Уатхан Біләл.

Кейіпкеріміз Полиция департаментінде онлайн алаяқтарға алданып келіп отырған адамдар көп екенін айтты. Талонды алып, микроқаржы ұйымына апарған соң «15 күннің ішінде реттеп береміз» деген хабарлама келеді. Тағы бір ескере кететін жайт, Полиция департаментіне өтініш қалдырғанда Уатхан Біләл жәбірленуші емес, куәгер ретінде тіркелген. Ал жәбірленуші болып микроқаржылық ұйым саналады екен. Сондықтан да алаяқтарға алданған азамат ары қарай сот процесіне қатыса алмаған. Өз атынан нақты кімнің, қалай несие алғанынан да хабарсыз. Ендеше мекеменің біз білмейтін көлеңкелі тұстары көп. «Қаржылық ұйымның қызметкерлері де сырттай несие рәсімдеуі мүмкін. Өйткені көп адам соңына дейін бармайды. Бір қызығы, төленбеген несие бар деп коллекторлар да хабарласпады. Ал көрсетілген нөмір менің атыма тіркелмеген», – дейді Уатхан Біләл.

Микроқаржы беретін мекемелердің сайтына кіріп қарағанымызда онлайн несие алудың оңай екенін байқадық. Небәрі ЖСН мен телефон нөміріңізді жазсаңыз болды, 150-300 мың теңгеге дейін несие береді. Бір қызығы, Уатқан Біләлға ешкім хабарласып, жеке ақпараттарын сұрамаған. Ендеше жекелеген қаржы ұйымдары сіздің жеке мәліметтеріңіздің құпия сақталуына кепілдік бермейді. Мұндай шағын ұйымдар хакерлік шабуылдан толық қорғалмағандықтан, қарыз алушының жеке мәліметтері алаяқтардың қолына ілігуі әбден мүмкін. Микроқаржы ұйымдарының «Бір минутта үйден шықпай-ақ несие ал» деген жарнамалық роликтеріне алданып, сайтқа өтетіндер де көп. Алаяқтар да осы сәтті аңдып отырады. Ресми сайттан еш айырмасы жоқ фишингтік сайттар сол алаяқтар құрып қойған қақпан болып шығады. Жақында ақтөбелік бір топ тұрғын Үкіметтен онлайн несие беруді тоқтатуды сұрады. Өйткені олардың атынан белгісіз біреулер несие рәсімдеп, тақырға отырғызған. Алаяқтың арбауына түсіп, банкке қыруар қарыз болғандар не істерін білмей қиналып отыр. Тығырыққа тірелгендердің біреуі жалғыз баспанасын сатып жіберіпті. Былтыр сенатор Андрей Лукин микроқаржы ұйымдарының жұмысына қатысты кемшіліктерді тізіп шығып, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне депутаттық сауал жолдады. Қаржылық сауаты төмен қарапайым халықты оп-оңай құрығына түсіріп, қан қақсатып жүрген мұндай ұйымдарға мемлекеттік органдар тарапынан қадағалаудың жоқтығын ашық жеткізген депутат: «Жекелеген қаржы ұйымдарының салдарынан 17 мыңдай азамат зардап шегіп, келтірген шығын көлемі 21 млрд теңгеден асқан», – деп мәлімдеді.

Рас, елімізде онлайн займ берушілер туралы нақты мәлімет, бірыңғай ақпараттық база жоқ. Әсіресе, интернетте қаптап жүрген мұндай ұйымдар өз жұмыстары туралы мемлекеттік органдарға есеп бермейді. Займ берушілер комиссия көлемін де өз қалауынша құбылтады. Бақылаусыз, бетбетімен кеткен «қаржы қақпанынан» аузы күйгендер амалсыздан «қарызымды кешірсе» деп сотқа жүгінеді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, елімізде ресми тіркеліп, заңды түрде жұмыс істеп жатқан бар-жоғы он шақты ғана микроқаржы ұйымы бар екен. Ал қазір көшенің кез келген бұрышы мен интернеттің бетін жаулап алған онлайн займдардың барлығын есепке алу мүмкін емес.

Заңгер Меруерт Қойайдарованың айтуынша, осындай мәселелерге ұрынбау үшін Қаржы нарығын реттеу агенттігі микроқаржылық ұйымдарды қатаң бақылауға алып, берілетін несие көлемін төмендету керек. Сонда адамдардың алдануы да азаяр еді. Себебі кейбір мекемелер 2 миллионға дейін несие рәсімдейді. Қазір заңгердің алдына келетін әрбір екінші адам онлайн алаяқтардың құрбаны екен. Сондықтан жұмысын жүйелі түрде жүргізе алмаған, осындай бассыздыққа жол берген микроқаржылық мекемелердің лицензияларын алу да артық етпейді.

– Алданған азамат бірден микроқаржылық ұйымнан келісімшартты және ақшаны қандай есепшотқа жібергенін талап ету керек. Сонымен қатар өтініштің қандай электронды пошта мен телефоннан түскенін сұрау қажет. Осы мәселелерді ескергеннен кейін бұл ұйымға сотқа дейінгі талап-арыз жазу керек. «Есепшот та, нөмір де біздікі емес. Бұл несиені алмадық. Сондықтан бұл шартты заңсыз деп танып, несиеден босатыңыз» деп көрсетеді. Егер босатпасаңыздар, мен сотқа жүгініп, моральдық шығын мен адвокаттарға берген сыйақыны төлетіп аламын деп айту керек. Кейбір микроқаржылық ұйымдар бұл мәселені сотқа жеткізбей шешеді, – дейді Меруерт Қойайдарова.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ҚАШАНДА ҚАЖЕТ

Микроұйымдарда рәсімделген несиелердің жарасы екінші деңгейлі банктерде алаяқтар рәсімдеген кредитке қарағанда жеңіл. Өйткені микроұйымдар мәселені ұзаққа созбай, несиені 15 күнде жауып берсе, банктер арқылы алданған азаматтардың ісі айлап, жылдап шешімсіз қалуы мүмкін. Айталық, елорда тұрғыны Рүстем Темірболатов банкке 3 миллион теңге қарыз болып шыққан. Алаяқтар банктың техникалық бөлімінің қызметкері ретінде хабарласқан. Жеке бас мәліметтеріне қанық. Сөйтіп, оның атына 600 мың теңге несие рәсімдеп беретінін айтады. Артынша Рүстем 2 миллион 800 мың теңгемен несие мақұлданды деген хабарлама алады. Келісімшарттағы нөмірмен қоса ол да жапа шегуші екен.

– Ол нөмірдің иесі Оралда тұратын қыз болып шықты. Ол да ештеңе білмепті. Фотоға да, видеофиксацияға да түсірген жоқ. Соған таңғалдым. Оның алдында банк маған миллионнан артық несие бермейміз деген еді, – дейді Рүстем Темірболатов.

Соңғы кездері алаяқтардың көбейіп кеткенін Ұлттық банк ресми түрде ескертіп отыр. Банк алаяқтардан қорғай алмайды. Одан өзіңіз ғана қорғана аласыз. Банктің атынан телефон соққандармен сөйлеспеу керек, ешбір мәліметті оларға беруге болмайды. Себебі телефон шалып тұрған адамның алаяқ болатын жағдайы жиі кездеседі. Олар ақша жымқыру мақсатында алаяқ банктің қызметкері ретінде телефон шалады. Сөйтіп, әңгімеге айналдыра келе адамның жеке деректерін біліп алады. Алаяқтар телефон арқылы банк шотының нөмірлері мен несиенің бар-жоғы туралы ақпаратты сұрайды. Содан кейін «Техникалық мониторинг» мақсатында деген желеумен азаматтардан төлқұжат деректерін, атап айтқанда жеке сәйкестендіру нөмірінің мәліметтерін білгісі келеді. Сонымен қатар тексеру үшін деп шот ашуға немесе тестік-режимде несие алуға өтініш беруге және үшінші тараптың шотына ақша аударуға үндейді. Ұлттық банк ақша жіберіңіз деген электронды хаттар мен белгісіз нөмірлерден түскен қоңырауларға жауап қатпауға кеңес берді. Сонда банктің киберқауіпсіздігі қайда қарап отыр?

– Кейбір жағдайда банк клиенттер базасын коллекторларға сатады. Сондықтан банктің киберқауіпсіздігіне қатты сенім артпау керек. Әр адам қаржылық тұрғыда сауатты болса, мұндай жағдай болмас еді. Азаматтар өздері туралы ақпараттарды айтып, қарыз рәсімдеуге мүмкіндік береді. Банктен жіберген кодтарды да айтады. Негізі, банк қызметкерлері ешбір адамға өздері хабарласпайды. Өйткені барлық адамның жеке бас ақпараттары базада сақталған, – дейді қаржыгер Расул Рысмамбетов.

Әдетте жұрт микроқаржы ұйымдары арқылы тұзаққа түсетін. Енді екінші деңгейлі банктерден де қоңырау шалу басылмай тұр. Арызданушылар аз емес. Бірақ зерттей келе адамдардың алдануына аңғалдығы, қаржылық сауатсыздығы себеп болып жатыр. Сондықтан eGov.kz сайтында «Кредиттік бюрода» несие жайыңызды үнемі бақылауда ұстап отырыңыз. Жеке мәліметтеріңіз бен куәлік, банк картаңыздың суретін ешкімге жіберуге болмайды.

Есірткіден емделудің жолы бар

Елдар ҚАБА (коллаж)

Өмірдің өткінші қиындығын еңсеру үшін есірткіге еліккендер көп. Сыныққа сылтау іздейтін бүгінгі қоғамда жаны жаралы жандардың дертіне дауаны есірткіден іздеуін ақтау қиын. Бірсәттік қызық үшін ғана есірткінің буына шырмалғандар жыл санап өсіп келеді. Ал өмірге деген құлшынысы жоғалып, қоғамнан алыстаған нашақорларды ауруынан айықтыруға медицинаның қауқары жете ме?

Жадыра МҮСІЛІМ

Есірткіге тәуелділік жас талғамайтын болды. Бұрын оңы мен солын танып үлгермеген жаста есірткіге елігіпті десек, қазір етекженің жиып, ақыл айтар жасқа келгенде нашақорлыққа ұрынғандар көп. Мамандардың пайымынша, жастар арасындағы нашақорлық қызығушылықтан басталады. Орта жастан асқан адамдардың есірткіге әуестігі көбіне психологиялық, физикалық, әлеуметтік жағдайдың қиындығынан туындайды. Жаны жаралы жандар есірткіні басындағы проблемасын ұмыту үшін тұтынады. Бір рет тұтынған соң тәуелді болады. Оның соңы отбасындағы ұрыс-керіске алып келеді. Жасөспірім мен жастар арасындағы нашақорлықтың артуы да отбасындағы құндылықтың төмендеуінен туындайды. Мысалы, отбасы мүшелері балаға тиісті деңгейде көңіл бөлмейді. Күнделікті күйбең тірліктің соңында жүргенде бала тәрбиесі ұмыт қалады. «Қажеттілікті қаражатпен өтеп жүрмін» деп түсінетін қоғамда әкенің мейірімі мен ананың жылуын сезінгісі келетін балалар көп. Өсіп келе жатқан өскіннің бойындағы өзімшілдіктен психологиялық проблемалар туындайды. Жалғыздығын жеңу үшін де есірткіні тұтынуы мүмкін. Өтпелі кезеңде жүрген жастар есірткіге еліктеп те келеді. Өкінішке қарай, өз өміріне балта шабу оңай болғанымен, тәуелділіктен құтылу тіпті қиын.

МЕДИЦИНА ДА ҚАУҚАРСЫЗ

Бұдан бұрын мамандар елдегі нашақорлардың саны жылдан-жылға кеміп келе жатқанын айтып, сендіріп келді. Алайда 2018 жылы Қазақстанда 20 мыңнан астам нашақор тіркелсе, 2022 жылдың 4 ақпанындағы дерек бойынша, Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығында 110 423 адам есепте тұр. Бұл айналдырған 4 жылдың ішінде елдегі нашақорлардың саны үш есеге өскенін көрсетеді. Өйткені өрімдей ұл-қыздармен бірге үлкендердің де синтетикалық заттарға әуестігі артқан. Арам ақшаның соңына түскендер есірткіні емін-еркін жарнамалап, оңды-солды сатып жатыр. Оңай олжаға кенелгендерге де керегі сол, күйзелісте жүргендер мен қызық қуған жастарға тауарын өткізіп, қалтасын қампайтса болды. Өйткені есірткіге еліккендер еркінен тыс тұрақты тұтынушы боларын олар да жақсы біледі. Бірақ есірткіге тәуелді адам ешқашан өзін «аурумын» деп санамайды. Осындай ойда жүрген нашақорларды қалыпты өмірге қайтарып, ауруынан айықтыру өте қиын. Өмірге деген қызығушылығы жоғалып, есі-дерті есірткіге ауғандарға кейде медицинаның да қауқары жетпейді.

МЕТАДОН СҰЙЫҚТЫҒЫНА СЕНІМ БАР МА?

Елімізде есірткіге тәуелді адамдарды синтетикалық опиоидпен айықтыру көп жылдан бері қолданылып келеді. Алмастыру терапиясын қолданатын елдер көп. АҚШ, Канада, Германия, Нидерланд, Швейцария, Франция, Ұлыбритания, Қытай, Үндістан, Иран, Беларусь, Украина, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстанда да есірткіге тәуелділерді алмастыру терапиясы арқылы емдейді. Жарты жылдан бері осы терапияны қолданып жүрген Алексей күнде таңертең метадон ішеді. Өйткені оған есірткіден бірден бас тарту қиынға соққан. Үш жыл бойы есірткінің ауыр түрлерін қабылдаған. 90-жылдардың соңынан бері нашаға әуестенген ол кейінгі жылдарда тамырына ине салуды бастаған. Оңалту орталығына отбасы мүшелерінің ықпал етуімен келген Алексей алмастыру терапиясының арқасында есірткіден бас тартып, артық салмақ қосып жатқанын айтты. «Бұған дейін бірнеше рет жекеменшік және мемлекеттік оңалту орталықтарында емделдім. Еркімнен тыс еңбекпен емдеу профилакториясына да күштеп жатқызды. Психологтер мен наркологтер де жұмыс жүргізді. Бірақ ешқандай нәтиже берген жоқ. Қазір метадон терапиясына көштім. Алғашқы айларда есірткі шеккім келіп, тығылып қолданып көрдім. Сөйтсем, бұрынғыдай сезімдер болмады», – дейді ол. Метадон сұйықтығы опиоид есірткілерінің күшін жойып, ағзаға түскен есірткіні суға айналдырады. Яғни, тамырға салынған есірткі ешқандай ләззат бермейді. Метадоннан кейін нашақор адам өзін мүлде басқаша сезінеді, есінен адасу болмайды. Бірақ метадонды күн сайын қабылдамаса, ауырсыну пайда болады. Сондықтан Алексей де бұл терапиядан бас тартқысы жоқ. Алайда мамандар осы терапиямен емделіп жатқандардың арасында да ауруынан айыққандар көп екенін айтады. Ол үшін метадон терапиясына келіскен науқастар есірткі қолданбай, сұйықтық ішу кестесін қатаң сақтауы керек. Уақыт өте келе қабылдап жүрген сұйықтық мөлшерін азайтып, терапиядан шығуына болады. Бірақ бұл терапиядан бас тарту кейбір емделушілердің қолынан келе бермейді.

Дегенмен қолданыстағы терапияға қатысты пікір де сан алуан. Біздің елде де алмастыру терапиясы қажеттілігіне қатысты мәселе жиі көтеріледі. Естеріңізде болса, депутаттар 2014 жылы метадонды медициналық мақсатта пайдалануға тыйым салынған заттар тізіміне қосуды сұраған. Бірақ мамандар опиоидпен алмастыру терапиясы – инъекциялық есірткі пайдаланатын азаматтарды ВИЧ инфекциясынан қорғау үшін қолданылатын есірткіге тәуелділікті емдеудің ғылыми негізделген тиімді әдісі ретінде қарастырған. Алайда Бас прокуратура өкілдері метадон ВИЧ-инфекциясына шалдыққан азаматтардың санын азайтпағанын мәлімдеді. Керісінше, халықаралық зерттеулер Литвада опиоидты алмастыру терапиясын енгізгеннен кейін нашақорлық 8 есе артқанын көрсеткен.

ЕМНІҢ НӘТИЖЕСІ ЕМДЕЛУШІГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Есірткіге тәуелді болғандар орталықтарға толық емделу үшін келмейді. Көбі есірткіге ақшасы жетпегенде, енді бірі денсаулығы қатты нашарлай бастағанда, біреуі туыстарының ықпалымен мамандардың көмегіне жүгінеді екен. Алматы қаласы бойынша Психикалық денсаулық орталығының директоры, нарколог Сапар Рахменшеев есірткіге тәуелділіктен арылу адамның өзіне байланысты екенін айтады. Қазір орталықтың бақылауында 4 955 адам тұр. Соның ішінде 1 211-сі есірткіге тәуелді адамдар. «Нашақор есірткіге тәуелді екенін саналы түрде мойындауы керек. Бізде өз еркімен келетіндер мен соттың шешімімен еркінен тыс мәжбүрлеп емдеу бөлімі бар. Бізге келетін науқастар әртүрлі. Мысалы, ішімдік пен есірткіге тәуелді адамдардың көбі жақындарын тыныштандыру үшін келеді. Өз еркімен емес, сол адамдар «миымды ашытып, басымды ауырта бермесін» деп емделетіндер бар. Әрине, ондай адамдарда нәтиже ұзаққа бармайды. Олар ары кетсе 3-4 айдан соң қайтадан есірткіге тәуелді болып кетеді. Ал өздері ниеттеніп, алдарына мақсат қойып емделген адамдардың арасында есірткіні тастап кеткені көп. Кез келген аурудан емделу үшін адамның ниеті түзу болу керек. Сол кезде ғана нәтиже болады», – дейді Сапар Құттыбайұлы.

Нарколог маманның айтуынша, орталықта алмастыру терапиясын алып жүрген 29 науқас бар. Олардың көбі бірнеше жылдан бері бақылауда. Метадон әдісіне көшкендер арасында да күнделікті тәртіпке бойұсынып, біразы жұмысқа тұрып, қалыпты өмірге араласа бастағандар көп. «Олар бізге келгенде ата-анасы есірткі қабылдау үшін үйден ақша ұрлап, есіл-дерті есірткі болғанын айтып жылайтын. Қазір, керісінше табыс тауып, өздеріне қарай бастаған. Біраз жылдан бері байқап жүрміз, таңертең емін қабылдап, ары қарай күнделікті жұмысын істеп жүр. Олардың алдарына қойған мақсаты бар, түзелуге жоспар қойған. Еркінен тыс келген науқастар мен есірткінің дозасын азайту үшін келіп емделетіндер көп ұзамай ескі әдетіне басады. Бұрынғы ортасы бірінші дозасын тегін береді, кейін ақшаға сатады. Қайтып тәуелді болады. Емнің нәтижесі емделушіге байланысты. Қазір 1 446 науқасты диспансерлік бақылаудан алдық. Соның ішінде 388-і толық саулығына байланысты бақылаудан шығарылды», – дейді нарколог.

Науқас орталыққа келгенде ең бірінші ауырсыну белгісін кетіретін дәрі-дәрмектер қолданылады. Қаны тазартылып, дәрумендер беріледі. Жүректің қызметі мен ұйқы бұзылуын қалпына келтірген соң ауруды басатын дәрі-дәрмектер қолданылады. Содан кейін ойлау қабілетінің деңгейін анықтау үшін психологтер жұмыс істейді.

CZM Freedom оңалту орталығының наркологі әрі психологі Корнелия Караления «нашақорлықтан емделіп шығу қиын» дейтін қасаң түсінікті жоққа шығарады. Айтуынша, орталықта нашақорлықтан айыққандар көп. Олардың көбі отбасын құрып, бақытты өмір сүріп жатыр. «Кез келген есірткі адамның ағзасын улап, өмір сүру қалпына әсер етеді. Жеке адам ретінде қасиетін жоғалтады. Адамның көзқарас құндылығы өзгереді, басқа адамдарға да қауіп төндіреді. Сол үшін науқастағы тәуелділіктің себеп-салдарын біліп алуға күш жұмсаймыз. Себеп-салдарын таппай ем жүргізу мүмкін емес. Қыз балалардың көбі есірткіні көңіл көтеру орындарында, жеке отырыстарында қызық үшін татып көреді. Бір-бірін «батылдыққа» үгіттейді. Ары қарай одан да күштісін көруге құлшынысы артып тұрады. Кейде кездесіп жүрген жігіттер де қыздарына ықпал етеді. Ал үлкендер арасында есірткіге тәуелділік әртүрлі. Бір адамдар жоқшылықтан жадап жүргенде нашақор болып кетсе, кейде тоқшылық та есірткінің буына ұрындырады», – дейді Корнелия Игоревна.

«АНАМ ЕРТІП КЕЛДІ»

Есірткіні ең алғаш 18 жасында тұтынған алматылық Алтынайды оңалту орталығына анасы жетектеп келген. Оның нашақорлардың ортасына түсуіне құрбылары себеп болыпты. «Оқып жүргенде қасымдағы құрбыларым «Қызық үшін көрейік. Бір көргеннен ештеңе болмайды, тәуелді болып кетпейміз» деп азғырды. «Дәмін көр, ұнаса ұнады, ұнамаса тастайсың» деген соң көрдім. Бірінші татқаннан дәмі ұнап қалды. Одан кейін өзім іздеп тұратын болдым. Екі аптада бір, аптасына бір, кейін үш күнде бір, ары қарай күнде-күнде қолданып, соңында бір күнде бірнеше рет қолданбасам, тұра алмайтын ауруға айналдым. Оқуды да тастадым. Анамның бар тапқанын есірткіге жұмсайтын болдым», – деп еске алды сол күндерін Алтынай. Өз еркімен есірткіден бас тарта алмайтынын түсінген Алтынайдың анасы қызын орталыққа алып келеді. Ауырсыну белгілерін кетіріп, психологтермен жұмыс жүргізген соң екі жылдан кейін ауруынан толықтай айыққан ол қазір тұрмысқа шығып, балалы болыпты.

ЕЛУГЕ КЕЛГЕНДЕ ЕСІРТКІГЕ ОТЫРҒАН

Ал кейіпкеріміз Марат есірткіге елуден асқанда тәуелді болған. «Бір күн бұрын ішімдік ішіп, ертесі басым мең-зең болып ауырып отырғанда көрші бала келді. «Мына затты бір қолданып жіберіңіз, ештеңе етпейді. Есесіне басыңыз тез жазылады», – деді. Шынында да, басымның ауырғаны қойып, ерекше бір күй кештім. Бірақ уақытша ғана екен. Кейін қалай әуестеніп кеткенімді өзім де білмеймін. Есірткі қабылдамасам болмайтын халге түстім», – дейді ол да. Алпыска келгенде адасып жүргенін түсінген ол өз еркімен орталыққа келген. Балаларына бағыт-бағдар беретін жасында есірткінің буына елітіп, есін жоғалтқан Марат та бармағын кеш тістегенін мойындайды. Бірақ емделіп кетемін деген ерік-жігері есірткіге тәуелділіктен толықтай айықтырыпты.

Монополист операторларға тықыр таянды

Қаңтар оқиғалары Қазақстандағы түбегейлі жаңғыруларға серпін бергені мәлім. Соның аясында елең еткізерлік бір өзгеріс айқындалып отыр: жеке монополиялық операторлардың мемлекеттің экономикалық функцияларын атқаруына тыйым салынбақ. Осының алдында «ӨКМ Операторы-Оператор РОП» жойылған-тын. Енді кезек өзгелеріне келгенге ұқсайды.

ДЕЛДАЛ – ДАМУҒА ТҰСАУ

Бұл әлдебір сарапшының кезекті ұсынысы емес, тікелей Президенттің пәрмені екенін атап өткен жөн. 21 қаңтарда ірі бизнес өкілдерімен жүздескен Мемлекет басшысы экономиканы олигархтардан арылту бойынша қатаң саясат жүргізетінін мәлімдеді: «Мұнда, ең алдымен, қолдан жасалған монополияларға талдау жасау қажет. Операторлардың, әсіресе, жеке операторлардың қызметі мүлдем тоқтатылады. Бұрын «өтеп алушы» деген термин болатын: жеке компаниялар тиісті төлем арқылы мемлекеттің бірқатар экономикалық функцияларын орындауды сатып алатын. Бұл жақсылыққа апармады. Үкіметке мұндай қызметке заңды түрде тыйым салуды тапсырамын. Барлық орындар бәсекеге ашық болуы тиіс», – деді ол.

Ал Үкіметтің 8 ақпандағы кеңейтілген отырысында Қ.Тоқаев биік лауазымды шенеуніктердің жекелеген компаниялардың мүддесін ілгерілетіп, лобби жасағанына нұсқады. Ол «делдалдар, монополист операторлар, қажетсіз агенттер» қаптап кеткенін, олар түрлі комиссиялар мен тарифтер бойынша ақы жинайтынын ашық айтты.

«Кім олардың қызметіне ақы төлейді? Әрине, тұтынушы төлейді. Бұған қабылданған заңдар мен қаулылар кінәлі. Осыған негіз болған нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау кезінде меморгандар қоғам мүдделерін емес, көбіне жекелеген компаниялардың мүдделерін басшылыққа алған. Соның кесірінен қазақстандықтардың өз игілігіне жұмсауы қажет қаржысы осы компаниялардың қалтасына ағып кетеді», – деген Қазақстан көшбасшысы Үкіметке операторлар мен делдалдар қызметіне қатысты мәселелерге «өте салмақты көңіл бөлуді», олқылықты түзеудің нақты шешімін ұсынуды тапсырды.

Неге дәл осы мәселе қазір өзекті болып отыр? Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама» әзірленіп жатыр. Құжаттың жаңашылдығы сол, ол қазақстандықтардың кірісін көбейтумен ғана шектелмейді, сонымен бірге бұқараға ауыртпалығын түсіретін орынсыз шығындарды азайтатын тың шараларды қарастырмақ. Операторлар қарапайым халықпен тікелей қарым-қатынас жасамайды, тек компаниялармен жұмыс істейді. Онда олар қалай халықтың табысын арттыруға кедергі келтіреді? Өйткені олардың бизнеске жүктеген қосымша шығындарын кәсіпкерлер халықтан – тұтынушыдан өндіріп алады. Демек, тұтас салаларды басыбайлы иемденген жекеменшік операторлар мен делдалдардан құтылу кедей халықты бай етуге бастайтын қадамның бірі болмақ.

АНТИМОНОПОЛИСТЕРДІҢ ТІСІ БАТПАҒАН ЕДІ

Президенттің осы мәселеге қатысты тапсырмасы таяуда берілгендіктен, Үкімет жаңа құжаттар қабылдап үлгермеді. Дегенмен Үкіметке енгізілген нақты ұсыныстардың өзі тамсандырады. Мәселе жекеменшік операторлардан толық арылу жайында.

Ұлттық экономика министрлігінің байламынша, операторлар арқылы елімізде «жасанды монополиялар құрылған». Бұл ретте квазимемлекеттік сектордағы кәсіпорындар ғана емес, бірқатар

«жеке компаниялар мемлекеттің экономикалық функцияларын жүзеге асырудың монополиялық құқығына ие болған».

Ведомствоның түсіндіруінше, меммонополияны енгізу рәсімі заң жүзінде қатаң реттеліп, регламенттелген. Оның үстіне оны құру үшін бюджеттен қомақты ақша бөлгізу, оны жыл сайын Парламентте қолдау қажет. Бұл ел қазынасына қымбатқа түседі. Сондықтан «мемлекеттік монополияны енгізбестен, барлық талаптар мен шектеулерді айналып өтіп, белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға монополиялық құқықтарды заңнамалық түрде беру тәжірибесі кең таралды». Яғни, әлдебір қап-қалың заң жобасының ішіне мемфункцияны жеке секторға тапсыруды қарастырып, оны Парламенттен бір рет өткізіп алса, жеткілікті. Кейін сол бап негізінде жеке оператор не делдал құрылады да, Үкімет майшелпек саланың тізгінін соған ұстатады. Осылайша, елде «жеке оператор» деген баламалы институт пайда болды.

2020 жылы Президент Жолдауын жүзеге асыру аясында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі монополиялық операторлардың қызметіне талдау жүргізді. Талдау қорытындысында агенттік республикада 51 монополиялық оператор барын анықтады, оның көбі – мемлекетке қарасты квазимемсектор кәсіпорындары. Ал 3 ірі оператор толығымен жеке тұлғалардың қолында болып шықты.

Антимонополиялық орган ауқымды істі еңсерді, алайда саланы толық реттеуге оның батылы жетпеді. Мысалы, агенттік былтыр Үкіметке анықталған 54 оператордың ішінен тек 9-ына қатысты түбегейлі шара қабылдау туралы ұсыныспен шыққан. Яғни, дәл сол ұйымдарды «оператор мәртебесінен айыру, қызмет түрлерін оңтайландыру, тарату немесе жекешелендіру» бастамасын көтерді. Әрине, олардың ішінде жекенің қолындағы үш оператордың ешқайсысы болған жоқ.

> *Ал Үкіметтің 8 ақпандағы кеңейтілген отырысында Қ.Тоқаев биік лауазымды шенеуніктердің жекелеген компаниялардың мүддесін ілгерілетіп, лобби жасағанына нұсқады. Ол «делдалдар, монополист операторлар, қажетсіз агенттер» қаптап кеткенін, олар түрлі комиссиялар мен тарифтер бойынша ақы жинайтынын ашық айтты.*

Нәтижесінде, былтыр Парламент қабылдаған, 2022 жылғы 3 қаңтарда күшіне енген «Кейбір заңнамалық актілерге бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы әлгі тоғызды оператор мәртебесінен айырды.

Бұл, әрине «косметикалық» шаралар болатын, сондықтан бизнес те, халық та мұндай өзгерістерді сезінбей қалды. Антимонополиялық органның ақпаратынша, тоғыз операторды жоюдан келген жалпы экономикалық тиімділік небәрі 3,5 млрд теңге ғана болды.

Енді Мемлекет басшысының өзі азуын айға білеген алпауыттардан арылуға ерік-жігер танытып, Үкіметке нақты міндет қойды. Алғашқы нәтиже де бар: 11 қаңтарда Мәжілістің жалпы отырысында сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке «ӨКМ Операторы» ЖШС-ның утилизациялық алым жинауын тоқтатуға бағытталған шара қабылдауды жүктеді. Бұл тапсырма тез орындалды, кәдеге жарату алымын жинау және бөлу функциясы толығымен мемлекет қарауындағы «Жасыл даму» АҚ-на берілді, ал «ӨКМ Операторын» оның қожайыны банктердегі жүздеген миллиард теңге жиналған есепшоттарымен, бүкіл дүние-мүлкімен бірге мемлекетке тегін сыйға тартты. Мұндай тарту жасау алда тағы қайталанып қалуы ықтимал.

ҚОС АЛПАУЫТҚА ҚАУІП ТӨНДІ МЕ?

Сарапшылар әлгі заң қалыптасқан жағдайды түзете алмағанын айтады. Кемшіліктерді жаңа заң жобасы шешуі шарт. Ұлттық экономика министрлігінің растауынша, нарықта сол бойы бәсеке жоқ, ал «бәсекелестіктің болмауы себепті монополиялық операторлардың өзіне сеніп тапсырылған қызметті тиімсіз жүзеге асыруының жоғары тәуекелдері» сақталып қалды.

«Бұл ретте операторлардың баға саясаты оңтайландырылмаған және көрсететін қызметтерінің сапасы төмен. Мемлекет басшысы биылғы 21 қаңтарда атап өткендей, монополиялық операторлар, әсіресе жекеменшік операторлар енді тарихқа кетуі тиіс. Барлық сала мен нарықтар бәсекелестікке ашық болуы керек. Осыған байланысты мемлекеттің экономикалық функцияларын жекеменшік монополиялық операторлардың жүзеге асыруына заңнамалық деңгейде тыйым салынатын болады», – деп мәлім етті Ұлттық экономика министрлігі.

Ведомство бұл өзгерістер мемлекеттің жекелеген функцияларын атқаратын жеке операторларға – «Сәтті Жұлдыз» АҚ-ына және Silk Way monitoring ЖШС-на қатысты болатынын білдірді.

«Қызметтің бірқатар экономикалық түрлерін жеке компаниялар заңды түрде монополияландырып алған. Жаңа заң қабылданғаннан кейін аталған жеке монополиялық операторлардың саны 2-ден 0-ге дейін қысқартылады. Ары қарай елде жеке монополиялық операторлар болмайды», – деп хабарлады экономика министрлігі.

Айта кетер жайт, Silk Way monitoring ЖШС (қазіргі жаңа атауы Silk Way online) Үкімет басшысы А.Мамин қабылдаған 2020 жылғы 3 желтоқсандағы №819 қаулымен «Халықаралық жүк тасымалын қадағалау ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы» болып белгіленді. Компания барлық жүктердің бүтіндігін бақылаумен, осы мақсатта фура және басқа да автокөліктерге, теміржол вагондарына, контейнерлерге мониторинг жүргізумен айналысады.

«Қазақстан нарығында біздің компания жүктерді, вагондарды, контейнерлерді және басқа жылжымалы құралдарды спутниктік мониторингтеу қызметтерінің жалғыз жеткізуші болып есептеледі», – деді компания басшылығының өкілі Айнұр Сүлейменова. Электронды навигациялық пломбалар салу да соның құзырында. 32 мың жүк көлігін, 30 мыңнан аса теміржол контейнерін бақылайды. Алматылық компания 2015 жылы құрылған, теміржол көлігінде жүктерді күзетумен айналысқан. Оның атқарушы директоры Әділ Сүлейменов Қаржы министрлігінде жұмыс жасапты, салықшы болған. Statsnet.co порталы мемлекеттік деректер базасына сүйеніп, 2021 жылғы шілдеде компанияның құрылтайшысы өзгергенін, Бауыржан Секенов орнына Caspian development group болғанын көрсетті. Бағалау бойынша оператордың жылдық табысы – 638,5 миллион теңге.

Лотереяның бірыңғай операторы «Сәтті Жұлдыз» АҚ да Алматыда тіркелген. 2016 жылы құрылған компанияның басшысы – Александр Эрикович Тен. Бағалау бойынша жылдық табысы 69,4 миллиард теңге. Алда лотерея саласынан түсетін миллиардтар «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бағытталады деп жоспарланып отырған көрінеді.

Қалай болғанда да, жаңғырған ұлттық заңнама елді жеке операторлар мен делдалдардан арылтатынға ұқсайды.

Елдос СЕНБАЙ

Бейбіт тұрғындар зардап шекті

Қаңтардың басында еліміздің бірқатар аймақтарын шарпыған бүліктің материалдық және моральдық зардабын толық есептеу мүмкін болмайтын да шығар. Өйткені бүлік кезінде біреулер ет жақынынан айырылса, енді біреулердің нанын тауып отырған бизнесіне, тағы біреуінің мүлкі бүлінді. Ойраны шыққан әр қаладағы шығынның көлемі де әртүрлі. Сол күндері Шымкент қаласына да айтарлықтай зиян келді.

ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН БЕЙНЕҮНДЕУ

Қаңтардың басындағы бүлік кезінде Шымкент қаласы әкімдігінен бөлек сол маңайда орналасқан кейбір мекемелердің есіктерезесі бұзылып, қызметкерлері едәуір жапа шекті. Сондай азаматтардың бірі Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының актері Бауыржан Сегізбаев. 5 қаңтар күні болған сойқан оқиға кезінде оның көлігі өртеніп кеткен. Әрине, актердің көлігі өздігінен өртенбегені анық. Елірген топ осы маңайдағы көпқабатты үйлердің бірінде пәтер жалдап тұратын, 3 баласы бар актердің көлігіне от қойған.

Театрда 70 мың теңге жалақысы ғана бар актер кештетіп осы көлікпен таксилетіп нәпақа тауып жүріпті. Ол мұны 6 қаңтар күні таңда сағат 7-лер шамасында саутамтығы қалмай өртеніп кеткен көлігінің жанында бейнеүндеу жариялаған кезде айтты. Алайда ол ешкімге шағымының жоғын айтқанымен, «жігіттер айдаладағы бейбіт тұрғынның көлігінде нелерің бар еді?» деп ренішін білдірді.

Осынау үндеу қоғамда үлкен пікірталас тудырып, әлеуметтік желілерде талқыға түсіп, тарап кеткен-ді. Оқырмандардың басым бөлігі көмек бергісі келетінін де жазды. Алайда ол қол ұшын созамын деушілердің көмегінен бас тартты. «Ең алдымен аяқ-қолым сау, жасым 34-те, тепсе темір үзетіндей-ақ жігітпін. Қолымнан өнер келеді. Менен де жағдайы төмен отбасылар, мұқтаждар бар. Мен көмекке зәру емеспін. Баршасына алғысым шексіз», – деді ол.

Таяу күндері моноспектакль қою керек болған Бауыржан 5 қаңтарда жұмыста қас қарайғанша дайындақта жүреді. Бір кезде айналаның астан-кестені шығып, тарс-тұрс сынған терезелердің даусы естіліп, айқай-шу болып кетеді. Сырттағы дүрбелеңді көріп қорқып кеткен театр қызметкерлері жапа тармағай қашып

шығады. Жақын маңда тұратын Бауыржан көлігіне де қарамастан үйіне бет алып, балаларының жанында болған. Түнімен болған айқай-шу, өртенген көліктер сол маңай тұрғындарының үрейін ұшырып ұйқысыз таңды атырады. «Үй жаққа кетіп бара жатқанда байқағаным, әлгі бүлікшілердің арасынан кілең 16-20 жас аралығындағы өрімдей жастарды көрдім. Бейнеүндеу жасаған соң мен оны әлеуметтік желіге салуға асықпадым. Әр жерден бірінің туысы, бірінің баласының қайтыс болғанын естіп, басымыздың аман қалғанына шүкіршілік етіп жылы жауып қойған едім. 3-4 аптадан соң өзімнің TikTok желісіндегі жеке парақшама салдым. Жас балаларға осындай бүліктен сақтанып жүріңдер, арандап қалмаңдар деген мақсатпен жазба да қалдырдым. Өзім әлеуметтік желіде белсенді болмаған соң оншалықты мән бермейді екенмін. Белсенділер видеоны алған да жан-жақа таратып жіберген ғой. Оның ішінде бірге оқыған курстасым, оқырманы көп блогер Аян деген жігіт те бар. Парақшасына салған сәттен көмек беремін деушілер көбейген. Барлығынан бас тартып, тіпті оның парақшасына тікелей эфирге қосылып ризалығымды да білдірдім», – дейді Бауыржан бізбен әңгімесінде. Әсіресе, ақтаулық Қайрат есімді жігітке ерекше ілтипатын білдірді ол. Себебі жұмысының көлігімен жүретін ол үйіндегі жалғыз көлігін Бауыржанға бермек болған.

САҚТАНДЫРУДАН ҚАЙЫР БОЛМАҒАН

«Жалпы, мен осы кезде қазағымның мейірімділігіне тәнті болдым. Астындағы жалғыз атын бере салатын азаматтар да көп екен. Тіпті, Қайраттың басына осындай іс түссе менің қолымнан осындай мәрттік келер ме еді, деген ой келді маған. Мен оған қанша қарсылығымды білдірсем де ол разылығымен беріп отырғанын айтты. Иә, егер қалталы азамат болса ризашылығымды беріп алар едім. Алайда ол да өзім сияқты қарапайым азамат, бұл менің жігіттігіме сын. Соңғы бір аптада телефоныма тыным болмай қалды. Қарсылығыма қарамай таныстардан телефон нөмірімді алып, ақша салып жібергендер де бар. 100 теңгеден бастап 1 000, 5 000 теңгеге дейін аударып жіберіп жатқандар көп. Барынша керек емес деп жариялап жатырмын. Шымкентте «колеса кз» деген топ бар екен. Сондағы жігіттер де хабарласты, топ ашып қаржы жинап жіберейік деп те жатыр. Шынымды айтсам, видео салғаныма өкініп қалдым. Бірақ осы арқылы елдің пейілін білдім. Жақында бір имам «Саған көмек беріп, сауап алғысы келгендерді қайтарып жатырсың. Бұдан қорықпайсың ба?» деп айтқанда кәдімгідей қобалжып қалдым. Әлеуметтік желілерден байқасам мұқтаж жандар көп екен. Тіпті, біреулері хабарласып «егер көмектен бас тартсаңыз бізге көмектесіңіз» дегендер де болды. Енді қарсылығыма қарамай бұдан былай ақша салғандар болса ел алдында есеп бере отырып, сол мұқтаждарға аударатын боламын деп шешіп отырмын», – дейді Бауыржан.

Бауыржанның көлігі ресейлік «Лада 12» маркалы. Сондықтан тіркелмеген көлікке мемлекет тарапынан көмек жоқ. Ал көлігі сақтандырылған «Аманат» сақтандыру компаниясы «Мұндай жағдайда көмек бере алмаймыз. Егер жол-көлік апаты болса, онда да сіздің емес, сіз шығын келтірген келесі көлікті жөндеп береміз» деп жауап беріпті. Сонымен, «барлық жаманшылық осымен кетсін, мұның да бір қайыры бар шығар» деп отыр көлік иесі. Тіпті, көлікті өртеген жігіттерді де кешірдім дейді ол. Алайда енді жетіліп келе жатқан жастар әрбір әрекетін ойланып істесе, болашағын, ата-анасын ойласа, әркімнің жетегінде кетпесе деп алаңдайды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Ақмолада тегін берілетін дәрі тапшы

Созылмалы аурулардан зардап шегіп, жылдар бойы дәрігерлердің тізімінде тұрғандар қатары, өкінішке қарай күн санап өсіп барады. Сөйте тұра,науқастарға мемлекеттен арнайы берілетін тегін дәрілерді ала алмай жүргендер көп. Мұндай деректер Ақмола облысында тіркеліп жатыр.

Шағымын құзыретті органдарға талай рет айтқанымен, олардың жанайқайын естір құлақ әзірге табылмай тұр. Керісінше, шенділер тегін дәрілердің жеткілікті екеніне еш күмәнданбайды. Тіпті, жақында Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы өңірде тегін дәрілердің тапшылығы жоқ екенін жария етті. Ал бұл уәжбен қымбат дәрілерге мұқтаж науқас жандардың келіскісі жоқ.

ПРЕЗИДЕНТ ЖҮКТЕГЕН ТАПСЫРМА НЕГЕ ОРЫНДАЛМАЙДЫ?

Бұл мәселе – ел ішінде көптен бері айтылып, жауыр болған тақырып. Тіпті, тегін дәрілердің өңірлерде уақытында жеткізілмеуі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа жетіп, сала министрліктері мен ведомстволарына аталған жағдайдың ашық болуы үшін цифрландырудың қажеттілігін шегелеп тапсырған. Президент саладағы цифрландырудың әрбір науқас өзіне қажетті қандай тегін дәрі-дәрмекке тапсырыс бергенін біліп, оны алғанын онлайн түрде растауға мүмкіндік беретінін мәлімдеген. Әрі бұл салада да жемқорлардың азаймай отырғанын ашық айтты. Бас прокуратураға оларды дереу тауып, жең ұшынан жалғасқан көлеңкелі бизнеске тосқауыл қою қадап тапсырылған. Бұған қоса, Мемлекет басшысы дистрибьютерлер мен импортшылардың әрекеттеріндегі өзара келісім белгілері мен бағаны реттеуге назар аудару қажет екенін айтқан. Денсаулық сақтау министрлігі мен Бәсекелестікті қорғау агенттігіне мәселені реттеуді, Үкіметке өңір әкімдерімен бірлесіп барлық денсаулық сақтау ұйымына түгендеу жүргізуді тапсырған.

Алайда жергілікті жерлерде мәселе түзелудің орнына, керісінше ушыққан үстіне ушыға түскен. Жаны мен тәні үшін ашынған жұрт жанайқайын ешкімнің елемегеніне налиды. Бүгінде Мемлекет басшысының айтқан сынының өзіне жылдан асып барады. Дегенмен өңірлердегі жағдай еш өзгермеген сыңайлы. Өзге аймақта қайдам, Ақмола облысында солай сияқты.

ТЕГІН ДӘРІЛЕРГЕ БӨЛІНГЕН МИЛЛИАРДТАР ҚАЙДА КЕТЕДІ?

Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының дәрілік бөлім басшысы Саят Толықбаевтың айтуынша, облыста былтыр тегін дәрілермен бұрнағы жылдардан 7 пайызға артық науқас қамтамасыз етілген. Нәтижесінде, тегін дәрі-дәрмекпен қамтуға қатысты арыз-шағым саны бұрынғыға қарағанда 1,5 есеге дейін азайыпты-мыс. Мәселен, 2020 жылы амбулаторлық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде тегін дәрі-дәрмек берілетін сырқат түрі 48-ден 140-қа дейін кеңейтіліп, бұл 2019 жылмен салыстырғанда үш есеге дейін ұлғайған. Сөйтіп, тегін дәрілердің тізімі 280-нен 620-ға дейін көбейіпті деген дерек алдық.

«Елдегі коронавирус пандемиясына байланысты тегін дәрі-дәрмек препараттарының тізіміне қосымша тағы бес дәрі мен антикоагулянттардың үш атауы қосылды. Аталған аурулар бойынша дәрі-дәрмек толығымен жеткілікті. Биыл жалпы 6,8 миллиард теңге сомасына 885 түрлі тегін дәрі жеткізілді. Былтырғы қорытындыларды 2020 жылғымен салыстырғанда 21 пайызға көбірек. Жалпы, өткен жылы тегін дәрі-дәрмекпен 170 мың науқас қамтамасыз етілді. Бұл да өткен 2020 жылмен салыстырғанда 7 пайызға жоғары болып тұр. Осындай нәтижелердің арқасында дәрі-дәрмекпен қамту мәселелері бойынша арыз-шағым 1,5 есеге дейін азайды», – деп атап өтті Саят Толықбаев.

ДӘРІ ЖОҚ, ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП ТҰРЫҢЫЗ...

Ал ауыр науқасына байланысты дәрігерлердің тізіміне кіргендер тегін дәрілерді айлап, тіпті жылдап ала алмай жүргенін жеткізді. Дәрігерлер жазып берген рецепті сол күйі жарамсыз болып қалған.

«Барлық тапқан-таянғанымыз дәрі-дәрмекке кетеді. Жылдар бойы тегін дәрілерді уақытында ала алмай келеміз. Мәселен, өткен жылы барлық тегін дәрі-дәрмектерімді ала алмадым. Барсаң, емхана ішіндегі дәріханадағылар «дәрі жоқ, қоңырау шалып тұрыңыз», – деп шығарып салады. Учаскелік дәрігерлер жазып берген толық бір бума рецептіміз құр босқа жарамсыз болып қалды. Карантинде жатқандықтан, қаңтар айына барып ала алмадым. Енді ақпан айына жазғызып алып едім. Алайда тегін дәрі тағы да болмай шықты. Амалсыз дәріханалардан 5 600 теңгеге аторис, альдерон, амиодорон дәрілерін сатып алуға мәжбүр болдым. Ал бізге күйеуім екеуіміз үшін де дәрі үнемі керек», – дейді Алла Ермолович.

Демікпе дертіне шалдыққандар да бағасы удай қымбат дәрі-дәрмекті қолына жеткізе алмай жүргенін айтып шағымданды.

> *Барлық тапқан-таянғанымыз дәрі-дәрмекке кетеді. Жылдар бойы тегін дәрілерді уақытында ала алмай келеміз. Мәселен, өткен жылы барлық тегін дәрі-дәрмектерімді ала алмадым. Барсаң, емхана ішіндегі дәріханадағылар «дәрі жоқ, қоңырау шалып тұрыңыз», – деп шығарып салады.*

«Менің демікпемен ауырғаныма біршама уақыт болды. Жаным қысылған кезде тынысымды ашу үшін аэрозоль, серитит дәрілерін тегін ала алмаймын. Қашан сұрасам да, ешқашан болмайды. Ылғи сатып алуға мәжбүр боламын. Ал оның бәрі бізге тегін берілуі тиіс. Тегін дәрілер беретін емханадағылар түскен дәрілердің жетіспейтінін айтады. Ал менің дәрім шамамен 10 мың теңге тұрады. Үнемі осылай қиналуға мәжбүрмін. Бәрі бар деп қалай жалған айтады?», – дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Мәнсия Қалимова.

Тегін дәрі-дәрмектерін ала алмай қиналғандар жоғары жақтан еш нәтиже болмаған соң мәселені әлеуметтік желілерге де жаза бастаған. Айтуларынша, негізінен бағасы қымбат дәрі-дәрмектер дәріханаларда ешуақытта табылмайды. Көпшіліктің ойында «тегін дәрі-дәрмек біреулердің көлеңкелі бизнесіне айналып кетті ме» деген күдік басым.

ТЕГІН ДӘРІЛЕРДІ «БИЗНЕСКЕ АЙНАЛДЫРҒАНДАР» КӨП...

Мемлекет басшысының жүктеген тапсырмасының өңірде қаншалықты орындалғанын білу мақсатында Ақмола облысының прокуратурасына ресми хат жөнелттік. Жауап бірнеше күннен соң әзер жетті. Прокуратура органдары да өңірде тегін дәрілерден «бизнес» жасап жүргендердің баршылық екенін мойындады. Тіпті, тегін дәрілерді алғандардың қатарында емханаларда диспансерлік есепте тұрмайтын, ел аумағынан әлдеқашан көшіп кеткен адамдар да болыпты...

«Былтыр облыс прокуратурасы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халықтың дәрілік заттармен уақытылы қамтамасыз етілуіне талдау жүргізді. Жүргізілген талдау барысында дәрілік заттардың қажетті мөлшерін дұрыс жоспарламау және қажетті көлемді төмендетіп көрсету, дәрілік заттардың шекті бағасын көтеру фактілері анықталды. Бұдан басқа диспансерлік есепте тұрмайтын, Қазақстан аумағынан тыс жерлерге кеткен адамдарға дәрілік заттар беру, тегін дәрілік зат бола тұра (оның ішінде COVID-19-дан да) науқас адамдарды қамтамасыз етпеу фактілері анықталды. Облыс прокуратурасы жүргізген талдау нәтижесі бойынша, уәкілетті органға 18 қадағалау актісі енгізілді. Нәтижесінде, денсаулық сақтау ұйымдарының 46 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке, 2 қызметкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – делінген Ақмола облыстық прокуратурасының аппарат басшысы Ержан Жандосов қол қойған ресми жауапта.

P.S.

Қалай десек те, жылдар бойы қордаланған түйінді мәселе әлі де болса басы ашық күйде қалып тұр. Бұл орайда тиісті министрліктер мен облыстық ведомстволар Президент жүктеген міндеттерді бұлжытпай орындаса ғана жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың тамырына балта шабылып, түйткілдің шешімі табыла ма деп ойлайсың...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Асханасы жоқ, залы жоқ мектеп қайтіп «күн көрер»?

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

(Басы 1-бетте)

Енді асхана мәселесіне келсек, мұнда Жамбыл мен Т.Рысқұлов аудандары тағы көш алдында. Жамбыл ауданында №3, Ы.Алтынсарин, Жұма, Қапал, Қоңыртөбе, Қостөбе, Рахат, Шайдана, Қызыл-Дихан, Қызыл таң сияқты 10 мектеп асханасыз отырса, Т.Рысқұлов ауданында да №2, Малдыбай, Әубәкіров, Мұратбаев, Тасшолақ, Сөгеті, Байтелі, Мамай-Қайыңды, Шопақ-Қайынды, Көкарық атты мектептерде асхана қаралмаған. Бұдан кейінгі кезекте Байзақ пен Талас ауданында – 9, Жуалы мен Шу ауданында – 8, Меркі ауданында – 6, Сарысу ауданында – 5, Мойынқұм мен Қордай ауданында 2 мектепте оқушылардың тамақтанатын орны болмай тұр. Тіпті, Тараз қаласындағы №58 жекеменшік мектепте де асхана атымен жоқ.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Облыс орталығындағы мектептердің өзінде спорт зал мен асхананың болмауы терең ойға қалдырады. Енді бұл мәселеге мамандар не дейді?

– Мектептің спорт залы барлық білім беру мекемесінде болуы керек. Мектепте спорт зал және оған қосалқы жайларды пайдалану нормаларының сақталуына бақылауды әрбір тексеру кезінде жүргіземіз. Облыстағы жағдайдан Білім басқармасынан бастап облыс әкіміне дейін хабардар. Себебі бұл мәселе әр жиында көтеріледі. Тексеріс жүргізілгеннен кейін әр мекемеге хат та жолданады. Біздің тараптан бұл түйткіл назардан тыс қалған емес. Алайда мәселе қаржыға келіп тірелетіндіктен, қолымыздан келер амал болмай тұр. Ал сапаны қамтамасыз ету бойынша денешынықтыру сабағының кабинетте өтуі ешбір стандартқа сай келмейді, – дейді Жамбыл облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Жасұлан Атенов.

Байқасақ, денешынықтыру сабағын сыныпта өткізу ешбір стандартқа сай келмейді екен. Сонда 37 мектеп осы күнге дейін қалай күнелтті? Әлде мұнда денешынықтыру сабағы мүлде болмай ма?

– Бұл мәселені кезең-кезеңімен шешуге тырысып жатырмыз. Былтыр бір мектепке спорт зал салсақ, биыл Жаңаталап орта мектебіне қажетті залға сметалық құжаттарын рәсімдеп, құрылыс бөлімі арқылы облыстық Білім басқармасына өткіздік. Қаржы бөлінсе, құрылысты бастап кетеміз.

Ал асханаға келер болсақ, біздің ауданда 5 мектепте асхана жоқ. Ашығын айту керек, ауылдағы мектептер шағын, 20 шақты бала ғана тамақтанады. Сондықтан асханаға қатысты жуық арада құрылыс жүреді деп айта алмаймыз. Өйткені аталған мектептерге жапсарлас құрылыс жүргізу мүмкін болмағандықтан, бөлкім арнайы контейнерлер қоюды ойлап отырмыз, – дейді Сарысу ауданы білім бөлімінің басшысы Ильяс Алшынбайұлы.

ҚАЗЫНАҒА ҚОЛ ЖАЙЫП ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Негізі, мектептерінде спорт залы мен асханасы жоқ аудандардың дені осы жауапты айтады. Бар мәселе қаржыға келіп тірелетіндіктен, олар қазынаға қол жайып отыр. Ал асхананың орнына контейнер қою – ақылға сыймайтын дүние. Олай дейтініміз, алдыңғы жылы дәретхананы барлық мектептің ішіне орнату туралы тапсырма берілгенде бірқатар аудан оның орнына мектеп жанына контейнер қойып, «қызыққа» батырған болатын. Қойылған контейнерлер қыста суық, жазда ыстық болып, ойланбай істеген тірлік сан соқтырған еді. Енді, міне Сарысу ауданы «асхананы контейнермен алмастырамыз» деп тағы таңғалдырды.

Бәлкім, оқушы саны аз мектептер бұған дейін спортзал мен асхана мәселесіне бас қатырғысы келмеген шығар. Алайда бір бала болса да, онда ел ертеңі саналатын ұрпақ тәрбиеленіп жатыр ғой. Бала тәрбиесіне бұлай атүсті қарауға бола ма? Оған қоса, облыстық Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Жасұлан Атенов мұндай жағдай санаға да, стандартқа да сыймайтынын ашып айтып отыр.

Әрине, қаржы болмаса құрылыс жүргізу қиын екені белгілі. Алайда жылда түлектер мектебіне тарту жасап жатқанда осы мәселені мектеп директорлары неге көтермейді? Ауылға арка орнатып, мектептің сыртын қоршай бергеннен гөрі бірнеше сыныптың түлектері бірігіп шағын спорт зал, кішігірім асхана салып берсе, ешкім қарсы болмас. Түптеп келгенде, өткен жылдан бері өңірде жанданған «Жомарт түлек» жобасын неге осы жаққа бағыттамаймыз? «Жомарт түлек» жобасы жиналып той-тойлап, ас ішіп, суретке түсумен өлшенбейді ғой. Қалталы түлектердің басын құр қосып, бір-біріне мақтау айтқаннан гөрі олар білім алған мектебі үшін бір спорт залын салып беріп жатса, мұндай игілік ел есінде, жұрт жадында қалатыны анық. Сондықтан бұл мәселені жауаптылар таразыға салып, барлық жаққа тиімді бір шешімді табады деп сенеміз. Әйтпесе, өркениет көшіне ілесіп, үздік 30 мемлекеттің қатарына кіреміз деп жүргенде білім беру мекемелеріміз ешбір стандартқа сай келмей жатқаны ешкімге абырой әкелмейтіні хақ.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Атырау облысындағы «Теңізшевройл» компаниясының «Келешек» кеңейту жобасы» құрылысының 87 пайызының аяқталуына байланысты 2022 жылдың соңына дейін шамамен 39 мың адамның жұмыстан босатылуы мүмкін деген болжам бар. Ал өңірдегі жобаларға қажетті шетелдік мамандарға бөлінетін квота саны азайғанымен, төртінші санатты мамандарға зәрулік шешімін таппай отыр.

Мұнайлы өңірдің мұңы жұмыссыздық болғалы тұр

Теңіз кенішіндегі еліміздегі ең ірі жобалардың бірі «Келешек» кеңейту жобасы» 2016 жылы басталған болатын. Бүгінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының 87 пайызы аяқталды. Онда қазір 60 мыңға жуық адам жұмыс істеп жатыр. Олардың 5 мыңы шетелдік. Ал жобадағы қазақстандық жұмысшылардың 40 пайызға жуығы атыраулықтар.

ҚЫСҚАРТУ БЫЛТЫР БАСТАЛДЫ

«Келешек» кеңейту жобасы» құрылысының аяқталуына байланысты 2021 жылдың басында «Теңізшевройл» ЖШС-ның мәліметі бойынша 15-16 мың адамның қысқартылуы жоспарланған. Алайда былтырғы жылдың қорытындысы бойынша, 2 769 адам жобадан босатылды. Оның 1 228-і Атырау облысынан.

Босатылған адамдардың 1 016-сы тұрақты жұмыс орындарына орналастырылып, екі маман оқуға жолдама алған. Қалған 210 адам мамандықтарына сай жұмыс табылғанша әлеуметтік төлемдерді алады. Бұдан басқа өңірде 8 мыңнан аса жергілікті тұрғындар жұмыссыздық бойынша арнаулы мекеме тіркеуінде тұр.

Бір атап өтер жайт, Атырау өңірінде «Теңізшевройл» ЖШС-нан басқа «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» филиалының Қашағандағы кен орны да бар. Аталған мекемелер өз жобаларын толықтай аяқтау үшін шетелдерден білікті мамандарды тартуға мұқтаж. Бұл өз кезегінде жергілікті мамандардың біліктілігінің өсуіне септігін тигізеді-мыс.

Дегенмен алып шетелдік компанияның әлемдік жобасының құрылысына қатысу үшін алдымен шет тілін білумен қатар заманауи техниканы меңгеру де отандық жұмысшыларға қойылатын талаптар қатарына кіреді. Сол себепті 2000-жылдардың басында Атырауда шет тілін оқытумен қатар ірі жобаларға маман дайындайтын арнайы оқу орталықтары ашылды. Дегенмен біздің ел әлі де шетелдік мамандарға зәру екенін әр жыл сайын бөлінетін квота көрсеткіші айқындап тұр.

БИЫЛ 6 МЫҢ КВОТА БӨЛІНЕДІ

Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Әбілхасымовтың айтуынша, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы 4 ақпандағы №43 бұйрығына сәйкес биыл Атырау облысына шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша 6 226 бірлік квота бөлінді. Бұл квота бойынша жалпы 3 мыңдай адам келеді деп күтілуде.

Себебі 2020 жылдың мамыр айынан бері заңнамаға сәйкес арнайы квота бөлу процедурасы өhзгерген еді. Таратып айтсақ, мерзімі аяқталуға жақын қолданыстағы рұқсатты 1 жылға ұзартуды құзырлы мекемелер жаңа рұқсат беру деп бағалайды. Егер шетел азаматының төлқұжаты немесе жұмыс берушінің деректері өзгерсе, сонымен қатар шетел азаматын басқа шетел азаматына ауыстырса, бұл процедура қайта рәсімдеу болып саналады. Қолданыстағы рұқсаты жаңартылып, жаңа рұқсат беріледі. Бұл өз кезегінде квота санатына кіреді

Былтыр 7 723 квота қарастырылып, шетелден 3 621 маман елге келіп қызмет істеп жүр. Себебі 7 723 квотаның ішінде 3 195 рұқсат ұзартылып, 985 рұқсат қайта рәсімделген.

Атырауға квота бойынша шетелден шақырылған мамандардың ең жоғарғы көрсеткіші 2019 жылы тіркелген. Сол жылы 17 мың шетелдік маман шақырылып, 11 мың 700 адам қызметке келген.

Биылғы квота көрсеткішіне келсек, бұл көрсеткіш 2020 жылдан 1,4 есе, 2019 жылдан 2,2 есе кем. Бірақ «Теңізшевройл» мен «НКОК» компаниялары мен мердігерлері 3 және 4-санаттар бойынша шетелдік білікті мамандарды шақыратынын алға тартады. Ал оларды отандық мамандармен алмастыру мәселесіне біліктілік санаты кедергі жасайды екен.

ОТАНДЫҚ МАМАН АЛМАСТЫРА АЛМАЙ МА?

Мұнай-газ өнеркәсібінде жұртшылықпен байланыс саласында көптеген жыл жұмыс істеген маман Жағыпар Егізбаевтың айтуынша, жұмысшы мамандардың санатын көтеру мәселесін мемлекет тарапынан қолдау қажет. Себебі шетелден шақыртылатын 5-6 санаттағы аргонды доғалық дәнекерлеуші, ультрадыбыстық бақылау бойынша дефектоскопист, 5-6 санаттағы технологиялық құбырларды монтаждаушы секілді мамандар елімізде де бар. Бірақ олардың білімі мен біліктілігі 3-4 санаттық болып тұр. Ал олардың біліктілігін 5-6 санаттар деңгейіне көтеру мәселесімен айналысуда жүйесіздік бар. Бар мәселе осында.

Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Әбілхасымовқа жолдаған сауалымызға берілген жауапта шетелдіктерді отандық мамандармен алмастыру мәселесіне орай 2020 жылы заңнамаларға өзгерістер енгізілгенін білдік.

Оның айтуынша, шетелдік жұмыс күшін тартуға қатысты заңнамаға 2020 жылы 17 сәуірдегі енгізілген өзгерістерге сәйкес жұмыс берушілер 4 санат бойынша тартылған шетелдік қызметкерлер 6 айдан бастап 12 ай ішінде жергілікті мамандармен ауыстырылуы тиіс. Бұл ретте 2020 жылы 641 шетел азаматы жұмысқа рұқсат алып, 2021 жылы олардың 194-і жергілікті азаматпен алмастырылды. Сонымен қатар 2021 жылы 4 санат бойынша 484 шетел азаматы жұмыс рұқсатын алған, ал оларды жергілікті азаматтармен ауыстыру 2022 жылдың тамыз айында басталады.

Аталмыш басқарма берген мәліметке сүйенсек, «Теңізшевройл» ЖШС-ның сұранысы бойынша 2019-2021 жылдары 11 мамандық бойынша 1 139 адам оқуға жолданып, 650 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

«Теңізшевройл» компаниясының ресми өкілі берген мәліметте компанияның 4-санаттағы қызметкерлерді жұмысқа шақырмайтыны, бірақ бизнес серіктестердің уақытша жұмыс істеп жүрген шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу арқылы өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ниетін қолдайтыны айтылған. Сайып келгенде, алып компанияның мердігер серіктестері 4-санаттағы мамандарға зәру және оны шетелден шақыртуға мәжбүр. Бұл мәселені шешуге облыстық әкімдік те қауқарсыз. Қазір Атырау облысының әкімдігі өз тарапынан мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде биыл және келесі жылы 9 мыңдай адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ,
Атырау облысы



Ұрмаш МАХАН, әнші:

Адамдық борышың – еліңе еңбек қыл

Ұрмаш Маханның әуезді әндері құлақ құрышын қандырады. Әрі есті ән орындайтынын тыңдарман да жасырмайды. Дулы орта, концерттерден де көп көре бермейсің. Өз әлемі, өзіндік қалыбы бар ерекше әншінің айтар ойы да бөлек.

– «Елу жылда – ел жаңа» дейді. Әні-міне дегенше, елу де есік қаққан секілді. Өткен күндерге көз жүгіртсеңіз, не еске түседі?

– «50 деген жасыңыз, ол да бір көшкен ел екен» демекші, айналамдағы дос-жаран, құрбы-құрдастың көбі «50 қалай екен?» деп сұрап жатады. Менің ойымша, 50-дің 49-дан айырмасы жоқ секілді. Әрине, 25 пен 30-дағы кезіңізбен салыстыруға келмес.

– Әр жастың өз ерекшелігі болады. Әр мүшелге толғанда адам өз-өзіне есеп беретін секілді. Сіз де бағамдап, өзіңізге есеп беріп көрдіңіз бе?

– Адам ойсыз бола ма? Ойланбай, бағамдамай тұра алмайсың. Әр күніне есеп бересің. Өткеніңді қазбалайсың. Кем-кетігіңді түзейсің. Ең бастысы, бар нәрсеге шүкір еткен адаммын. Өткенге өкінбей, бастысы, нәтиже шығару ғой. Адам амал-әрекетте болу керек. Ең алдымен, ниеттің түзулігі. Бұл 50 жастың тағы бір ерекшелігі – балалар өскен, ақыл тоқтатқан, жаңа өмірге қадам басқан, отбасын құрған. Қатарластарымның алды қызын ұзатып, ұлын үйлендіріп, құда-құдағы атанып, ата-әже болып жатыр. Мұның өзі – бір белес. Соңғы бір он жыл есейіп, аға буынның қатарына қосылып, жастар сенен ақыл сұрап, ақылыңа құлақ түретін уақытқа келіп қалыппыз. «Ой да көп, уайым да көп – ойлай берсең, ой да жоқ, уайым да жоқ – ойнай берсең» дейді ғой. Ойсыз, мазмұнсыз іс-әрекет етпейтін жасқа жеттік деп ойлаймын.

– Жарқ етіп, «Құрмаш Махан» болып сахнаға шыққан сәт пен бүгінгі кезеңді салыстыру – мүлдем келмес. Бұрын әнге, сөзге деген жауапкершілік бар еді. Қазір «тауардың» өтімді болуы маңызды. Біз осы жауапкершіліктен неге қаштық?

– Осындай бір «өтпелі» кезеңнен өту де керек шығар. Жауапкершілік деген не? Ең алдымен, тілге жауапкершілік. Тілдің мәйегін сезінбеген адам сөздің қадірін түсіне ме? Өз ана тілінің ұлттық бояуына қанық болып өскен адам сөздің де жауапкершілігін сезінер еді. Сондықтан қазір «көше әні» эфирге шығып кетті. Орысша-қазақша араласқан қойыртпақ дүниелер де жүр. Өкінішке қарай, сол әнді жастар ұйып, тыңдап отыр. Тыңдарман «ұйып» отырса, кімге ренжисің, неге ренжисің? Талғам өзгерді. Бұрынғыдай «салмақты» дүниеге әйтеуір түбі бір оралатын шығармыз.

– Сіз де композиторсыз. Сіз де ән жазасыз. Жеңіл-желпі, ойнақы әуенге сөз жаздыртып, тыңдарманға ұсына беруге болар еді ғой.

– Мен де тойға арналған әндер бар, жазамын. Өйткені менің де бала-шағам бар. Оларды өсіріп, жеткізуім керек. Нәсібімді тойдан да тауып тұрамын арасында, бірақ көбіне менің әндерім концерттік әндер. Біздің жауапкершілігіміз сонда – жеңілтек дүниелерге жол бермеуді ойлап тұрамыз. Әйтпесе, хит қуып, ергежейлі формадағы әндерді бықпырата беруге болады. Өкініштісі, кейбіреулер мұны қателік деп түсінбейді. Бұл қалыпты жағдайға айналып барады.

– Мұны екшеп-елеп, таразылап жатқан біреу бар ма?

– Мұның бәрі тағы идеологияға келіп тіреледі. Ұлттық идеологиясы дұрыс, сау, ауырмаған қоғам құру қажет шығар. Әйтпесе, мұны оңайлықпен түзеу мүмкін емес.

– «Елу жылда – ел жаңа» дегенді бекер айтып отырған жоқпыз. Қазіргі жастардың көзқарасы мүлдем басқа. Аға буынның жолымен жас буын жүре алмасы белгілі. Дегенмен сіз оқытқан шәкірттер ұстаздың көзқарасын қалай қабылдар еді?

– Қабылдау-қабылдамау – өз еркі. Мен айтудан шаршамаймын. Әрі айтып ғана қоймай, өз ісіммен, әрекетіммен көрсетемін. Ең алдымен, «біліміңмен үйрет» дейді. «Оған білімің жетпесе, іс-әрекетіңмен көрсет» дейді. Сәл де болса, менің істеген ізгі ісім, шәкірттеріме оң әсерін тигізіп жатса, онда менің ұтқаным.

– Қазір бұрынғыдай әнді таспалап, диск шығару – сән емес. Әлеуметтік желі – бүгінгі насихат құралы. Көштен қалмау керек. Мұндай кезде аға буын әншілер әнін қалай насихаттайды?

– Технология дамыған сайын уақытпен бірге бәрі жаңарып отырады. Біздің бала кезімізде магнитофон болды. Әнді солай тыңдадық. Әке-шешелеріміз патефонмен өсті. Біздің балаларымыздың заманы мүлдем басқа. Олар диск сатып алып, тыңдап отырмайды. Қалаған музыкасы интернетте тұр. Қай елдің музыкасын тыңдағасы келсе де, емін-еркін тыңдай алады. Бұрынғыдай альбом жазып әуре болмаймыз. Оны ешкім сатып та алмайды, тыңдамайды да. Біз де қолымыздан келгенше, интернетке жүктейміз. Әніңді интернетте тыңдаған сайын ол саған да пайдалы. Мәселен, бұрын қыруар ақша бөліп, альбом шығарасың, оны ертесіне пираттық көшірмелері сатыла бастайды. Солар көбірек пайда көреді. Сапасы жоғары, бағасы қымбат дискіні сатып ала ма, екі есе арзан дүниені сатып ала ма? Әрине, арзанына ұмтылады. Қазір тіпті бейнебаян жазу да сәннен қалып барады. Instagram, TikTok видео түсірудің жеңіл тәсіліне айналды.

– Пандемия көп адамның жұмысын тоқтатты. Экономикаға да оңай тиген жоқ. Әншілердің де той-томалақсыз қалғаны жасырын емес. Тіпті, карантин күшейген алғашқы кездерде табыс болған жоқ. Осындай сәтте сіздер немен айналыстыңыздар?

– Пандемия әншілерге ғана емес, барша қазақ халқына жеңіл тиген жоқ. Әлі де шектеулер бар. Ең бірінші – денсаулық. Ал карантиннің нағыз күшейген тұсында бәріміз де үйде отырдық. Әрине, табыссыз қалған жоқпыз. Өйткені тұрақты жалақы алатын жұмысымыз болған соң ондай қиналдық деп айта алмаймын. Карантин жеңілдегеннен кейін той-томалақ көбейе бастады. Концертке, кездесулерге, той-томалаққа қатыса бастадық.

– Тойға көп шығасыз ба?

– Той-томалаққа көп шығамын деп айта алмаймын. Өйткені тойдың өзінің форматы, ырғақты, жеңіл әндерді көбірек айту керек, ал менде көбіне лирикалық шығармалар. Яғни, тойдың хиттарын орындау керек. Негізі, хит деген сөз, атау – эстрадалық әншілік өнерді құрдымға әкеле жатқан құбылыстың бірі. Қазір әншілердің дені хит қуалайды да, не болса соны ән етіп, неше түрлі мағынасыз ұйқастарды өлең етіп жүр. Кез келген әншінің әндерінің бәрі хит болуы мүмкін емес. Тіпті, кей әншінің өмірінде бір ғана әні хит болар. Есесіне, ол әнші де, ән де әлі күнге елдің есінде қалды. Қазір жылына екі-үш «тұрпайы» хит шығарып алып, жұлдыз болып жүргендер көп. Оның өзі бір маусымдық әндер ғана.

– Есесіне, ол ән әншіге көп табыс әкелген шығар. Қазір көпшілік миллион табуды ғана ойлап кеткен жоқ па?

– Кез келген ақшаның берекесін берсін дейміз. Тәубе дейміз. «Желмен келген дүние желмен кетеді». Миллиондап тапсаң да, миллиондап жұмсайсың. Берекесі жоқ. Абай атамыз «әннің де естісі бар, есері бар» дейді. Бұл дүниеге тек қалтамызды толтыру үшін келген жоқпыз ғой. Адам болып жаратылған соң, адам болып қалу керек. Дүниеде барлығы ақшаға тіреліп тұрған жоқ. Одан да басқа құндылықтар бар.

– Діни сауат ашқан кезіңізді де білеміз. Дінге қаншалықты тереңдей алдыңыз?

– Тек дінге бет бұрдым деп айта алмаймын. 1992 жылы әскерден келдім. Үйдегілердің барлығының намазға жығылғанын байқап, содан өзім де намазға жығылдым. Дін деген – үлкен ғылым. Ол кәсіп емес. Дін деген хобби емес. Дін – адамның дұрыс өмір сүру салты, ұстанымы. Қазақ иманды-имансыз деп неге айтады? Иманды кісі – Құдайын таныған кісі. Отан сүю – иманнан дейді. Иманды кісі әке-шешесін ардақтайды, алақанына салады. Иманды кісі өзінің әйелін (ол да біреудің қызы), яғни аманатын ардақтайды. Құдайдың берген балаларын әлпештеп өсіреді, қорғайды. Осының бәріне жауапкершілікпен қарайтын адам, ол – иманды кісі. Ал дінде деп, дін қызметкерлерін, дінтанушыларды айтуға болатын шығар. Сондықтан өзімді қарапайым қатардағы мұсылманмын, бес парызымды орындайтын адаммын деп санаймын.

– Ал араб тілін үйренуге не себеп болды?

– Намаз оқып бастаған жылдары Құранды тыңдап, ерекше әсер алатын едім. Осының әсері болар, араб тіліне деген құштарлық, құлшынысты байқадым. Сөйтіп, 2007 жылы нәсіп болып, үлкен қажылыққа барып қайттым. Қажылықтан кейін араб тілін меңгерсем деген ниет туды. Сол ниетпен, тіл үйренуге бардым. Оның өзінде жеті-ақ курсын оқыдым, ол да тұрмыстық деңгейде қолданылатын сөздік қор. Күнделікті пайдаланыста болмаған соң көп сөздерді ұмытып та қалғаным бар. Бастысы Аллаға шүкір, қасиетті Құран Кәрімді өзім оқып, хатым түсіретін жағдайдамын.

– Әлеуметтік желіге байланғансыз ба? Қазір әншілердің дені Instagram-да отыр. Сол жерден табыс табады, өзін насихаттайды дегендей.

– Әлеуметтік желіде өзімді керемет белсендімін деп айта алмаймын. Белсенді болғым келеді әрине, бірақ та ізденудемін, жетілдіріп, дамыту бағытындамын.

– Қазір көпшіліктің дені «жылтыраққа» құмар. Сондай қоғамда ұмытылып қаламын деген қорқыныш болмай ма?

– Өз-өзіне сенімсіз адам ғана қорқатын шығар. Неден қорқуға болады? Мен Құдайдан ғана қорқамын. Өмір дегеніміздің өзі – өзіңмен күресу. Өмір бойы күресіп келе жатқан жалғыз адам емеспін, әрі соңғысы да емеспін. Адамның бәрі солай өтеді. Қазір адамдардың көбі неге депрессияға түседі? Алланың берген қарапайым жақсылықтарын сезіне білмейміз. Шын ниетімізбен қуана алмаймыз. Жақсылықтың бәрі айналамызда жүр. Ести алсаң, көре білсең, сезіне алсаң – соның өзі қуаныш. Денің сау, қол-аяғың бүтін, ішер ас, киер киімің болса, соған шүкір ету керек. «Ел аман, жұрт тыныш болсын» дегеннің мәнін енді ұғына бастағандаймыз. «Қасіретті қаңтар» оқиғасында бәріміз жанымызды шүберекке түйіп отырдық. Елге алаңдадық. Астанада отырып, айналада болып жатқан дүниелерді естіп, біліп, көңіліміз алай-дүлей күй кешті. Жастар жәбір көрмесе екен, аналар зар илеп қалмаса екен, әкелер қамықпаса екен деген уайым бар.

– Осы кезге дейін бірнеше концерт бердіңіз. Мерейтойға арнап, концерт қою жоспарыңызда бар ма?

– 2013 жылы Бейбітшілік және келісім сарайында «Аңсарым» сазгерлік, 2016 жылы Астана концерт залында «Беу, туған жер» сазгерлік, 2019 жылы «Қазақстан» орталық залында алғаш әнші ретінде «Өмірімнің көктемі», 2020 жылы «Анаға арнау» атты кеш өткізген едім. Әр үш жыл сайын үлкен концерт беруді әдетке айналдырған екенмін. Міне, биыл соның тағы бір реті келген секілді. Алматыдағы Республика сарайында бастап, бүкіл аймақтарды аралап шығып, ең соңында нүктесін астанада қойғым келеді. Бұйыртса, мұның бәрі жоспарда тұр. Неге Алматыда десеңіз, өнер жолым сол Алатаудың баурайындағы әдемі қалада басталған еді, сондықтан ол қалаға да есеп беру кешімді өткізсем деген жоспарым бар.

«Ел аман, жұрт тыныш болсын» дегеннің мәнін енді ұғына бастағандаймыз. «Қасіретті қаңтар» оқиғасында бәріміз жанымызды шүберекке түйіп отырдық. Елге алаңдадық. Астанада отырып, айналада болып жатқан дүниелерді естіп, біліп, көңіліміз алай-дүлей күй кешті.

Әңгімелескен
Айым БЕКТҰР

Бокс федерациясындағы қызметінен кетті

Белгілі боксшы, Афина Олимпиадасының чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері Бақтияр Артаев Қазақстан бокс федерациясының вице-президенттігінен және мемлекеттік жаттықтырушы қызметінен кетті. Бұл мәліметті спортшының өзі растады.

«Қызметтен кетіп жатқанымды растаймын. Бірақ себебі туралы әзірге ештеңе айта алмаймын», – деп қысқа қайырды спорт менеджері.

Бақтияр Артаев 1983 жылы 14 наурызда Тараз қаласында туған. Бокспен 10 жасынан бастап айналысты. Ол 2004 жылы Грекияда өткен Олимпиада ойындарының ширек финалында екі дүркін Олимпиада чемпионы ресейлік Олег Саитовты жеңді. Ал финалда Артаев Кубаның екі дүркін әлем чемпионы Лоренцо Арагоннан басым түсіп, Олимпиада чемпионы атанды. Спортшы «Барыс» орденімен марапатталған.

Артаев кейінгі бір жарым жылда Қазақстан бокс құрамасының мемлекеттік жаттықтырушысы қызметін атқарды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Галина да жарысты аяқтады

Қысқы Олимпиада ойындары аясында биатлоннан әйелдер арасында спринт бойынша жарыстар өз мәресіне жетті.

Аталған санат бойынша Қазақстан құрамасының сапынан Галина Вишневская-Шепоренко жарыс жолына шықты. Өкінішке қарай, 60 спортшының арасында отандасымыз 52-орын алды.

Бейжің Олимпидасының алтын медалін Норвегия спортшысы қанжығасына байлады. Күміс жүлде Швеция биатлоншысы Эльвира Эбердің еншісінде кетсе, қола жүлдеге италиялық атлет Доротея Вирер ие болды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Қос спортшының да нәтижесі төмен

Қысқы Олимпиада ойындарында шаңғы спортынан ерлер арасында классикалық әдіспен 15 шақырым қашықтықта жүру бойынша жарыс аяқталды.

Аталған санатта Қазақстан құрамасы сапынан Виталий Пухкало мен Евгений Величко шықты. Жарыс нәтижесі бойынша Виталий Пухкало мәреге 25-ші, ал Евгений Величко 40-шы болып жетті. Пухкало тиісті қашықтықты 40:39:6 уақытта бағындырса, Величко 41:27:3 уақытта жүріп өтті.

Айта кетейік, жалпы жарыс жолына 99 шаңғышы шықты.

Әбілмансұр ЖАСАН

50 спортшының қатарына іліге алмады

Бейжіңде өтіп жатқан қысқы Олимпиада ойындарында үлкен трамплиннен секіруден іріктеу жарысы өтті. Бұл сайыста Қазақстан атынан Даниил Васильев пен Сергей Ткаченко бақ сынады.

Өкінішке қарай, екі спортшы да келесі кезеңге жолдама беретін 50 спортшының қатарына іліге алмады.

Васильев 69.4 ұпаймен (103 м) 51-орынға ие болса, Ткаченко 54-орынға (60,7 ұпай, 98,5 м) табан тіреді.

Әбілмансұр ЖАСАН

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4073
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Рая МІНӘП